Возрастные особенности одарённости

Одарённость ребенка проявляется очень рано. Самый интенсивный период его развития с 2 до 5 лет. В этом возрасте закладывается фундамент личности, и она уже проявляет себя. Первичное проявление способностей в непреодолимой, произвольной тяге к различным сферам деятельности.

В дошкольном возрасте одаренность проходит несколько этапов:

Первый этап (2-3 года). На данном этапе ребенок получает первые сенсорные впечатления.

Второй этап (3-4 года). Происходит погружение в деятельность, проявляются начальные признаки природного материала, ребёнок очень активен, ему необходимо предоставить широкий спектр в различных видах деятельности.

Третий этап (4-5 лет) творческого поиска ребенка, можно объединять детей, имеющих способности в группы для дополнительных занятий.

Четвертый этап (5-6 лет). Ребёнок стремится к достижению положительного результата.

Пятый этап (6-7 лет) – самопроявление

одаренности.

Следующий период проявления одарённости (11 – 14 лет). Вопросы приобретают структуру гипотез, носит исследовательский характер.

Итоговый период проявления одарённости (15-20 лет).

Признаки одаренности – особенности одаренного ребенка, которые проявляются в его реальной деятельности и могут быть оценены на уровне наблюдения за характером его действий.

Мотивационный аспект поведения одаренного ребенка может быть охарактеризован следующими признаками:

- повышенная, избирательная чувствительность к определенным сторонам предметной действительности либо к определенным формам собственной активности, сопровождающаяся, как правило, переживанием чувства удовольствия;
- ярко выраженный интерес к тем или иным занятиям или сферам деятельности, чрезвычайно высокая увлеченность каким-либо предметом. Наличие столь интенсивной склонности к определенному виду деятельности имеет своим следствием поразительное упорство и трудолюбие;
- повышенная познавательная потребность, которая проявляется в ненасытной любознательности, а также готовности по собственной инициативе выходить за пределы исходных требований деятельности;
- неприятие стандартных, типичных заданий и готовых ответов;
- высокая критичность к результатам собственного труда, склонность ставить сверхтрудные цели, стремление к совершенству.

Определение понятия «Одаренный ребенок – это ребенок, который выделяется яркими, очевидными иногда особыми достижениями или имеет внутренние предпосылки в разных видах деятельности».

Типы одаренности: интеллектуальный, академический (высокий интеллект), художественный, креативный, лидерский, спортивный.

Каждый вид одаренности предполагает

одновременное включение всех уровней психической организации с преобладанием того уровня, который наиболее значим для данного конкретного вида деятельности. Например, музыкальная одаренность обеспечивается всеми уровнями психической организации, при этом на первый план могут выходить либо сенсорно-моторные качества, либо эмоционально-экспрессивные качества.

Психологические особенности одаренных детей

Одаренные дети имеют характерное опережающее развитие, то есть:

- дети, отличаются широтой восприятия;
- отличной памятью;
- ранним языковым развитием, обладают широким словарным запасом;
- высокой концентрацией внимания.

В поведенческой сфере одаренные дети обладают высоким чувством справедливости, обладают хорошим чувством юмора, в тоже время они порывисты, нетерпеливы, проявляют нередко черты эгоцентризма, для них характерны страхи, повышенная чувствительность.

Рассматривая роль и вес природно-обусловленных факторов или влияние целенаправленного воспитания и обучения на развитие личности и одаренности ребенка, значение семьи является решающим, прежде всего, повышенное внимание родителей.

Развитию одаренности детей способствуют высокие познавательные интересы самих родителей.

В воспитании ребенка родители всегда должны выходить за круг бытовых проблем, в их общении должна быть представлена так называемая совместная познавательная деятельность – общие игры, совместная работа на компьютере, обсуждение сложных задач и проблем.

Родителей и детей должны объединять общие познавательные интересы, на основе которых наблюдается ускоренный темп умственного и общего возрастного развития.

Одаренные дети представляют собой совершенно особую часть детского насе-

ления, которой требуется индивидуализированное обучение. Наиболее подходящая для обучения одаренных дошкольников коллективная форма организации обучения, когда дети являются субъектами педагогического процесса. Система свободных, не организуемых жестко занятий дает каждому ребенку возможность заниматься самостоятельными поисками и добиваться прогресса в индивидуально выбранном направлении. Важная роль в воспитании и обучении принадлежит педагогу, обладающему творчеством, профессиональной компетентностью и заинтересованность семьи.

Важно помнить, что одаренность – «дело штучное», и по отношению к каждому такому ребенку важно найти именно индивидуальный подход.

В настоящее время внимание многих психологов и педагогов привлекает проблема детской одаренности, ее природы, возможности выявления и создания особых образовательных программ для одаренных детей. При этом диагностика одаренности и работа с одаренными детьми базируются на тех данных, которые были получены в специальных исследованиях.

С другой стороны, одаренность не всегда можно отличить от обученности, являющейся результатом более благоприятных условий жизни данного ребенка. Совершенно ясно, что при равных способностях ребенок из семьи с высокими социально-экономическим статусом будет показывать более высокие достижения в определенных видах деятельности сравнительно с ребенком, для которого не были созданы такие условия.

Одаренность конкретного ребенка в значительной мере условная характеристика. Самые замечательные способности ребенка не являются прямым и достаточным показателем его достижений в будущем. Нельзя закрывать глаза на то, что признаки одаренности, проявляемые в детские годы, даже при самых, казалось бы, благоприятных условиях могут либо постепенно, либо весьма быстро исчезнуть. Учет этого обстоятельства особенно важен при орга-

низации практической работы с одаренными детьми.

Одаренность – явление многомерное по своему характеру. Для опытного педагога - это возможность и, вместе с тем необходимость более широкого взгляда на своеобразие одаренности конкретного ребенка.

Организация работы с одарёнными детьми

Работа с одарёнными детьми строится следующим образом:

1. Выявление одарённых детей: анализ особых успехов и достижений ребенка. Диагностика потенциальных возможностей детей. Использование метода экспертных оценок, наблюдения. Применение психологических тестов (методика для родителей и педагогов А.И. Савенкова «Карта одаренности»; анкета для родителей, авторы В. Шебеко, А. Булах; тест-креативность Торренса и др.).

2. Психолого-педагогическое сопровождение одарённых дошкольников, которое предполагает:

- составление индивидуального плана развития ребенка;

- создание комфортной развивающей среды, помогающей гармоничному эмоциональному и социальному развитию одарённых детей;

- помощь одарённым детям дошкольного возраста в самореализации их творческой направленности: индивидуальные творческие задания;

- участие в интеллектуальных играх, конкурсах;

- поощрение одарённых детей: награждение дипломами, грамотами за участие в различных конкурсах.

3. Работа с родителями одарённых детей: совместная практическая деятельность одарённого ребёнка, родителей и воспитателя. Беседы, тренинги, индивидуальные консультации специалистов дошкольных организаций. Поддержка и поощрение родителей талантливых детей (вручение грамот и благодарственных писем на родительских собраниях). Осуществление психологической подготовки родителей на

тему одарённости.

4. Работа с педагогическим коллективом: содействие профессиональному и личностному совершенствованию педагогов по работе с одаренными детьми, обучающий семинар по вопросам работы с одарёнными детьми: «Одаренные дети дошкольного возраста: теория, проблемы и их раннее выявление», консультации «Одаренность, как фактор развития личности ребенка», «Вариативность использования интегрированного метода обучения». Подбор и накопление в библиотечном фонде литературы, необходимой для самообразования, систематический обзор новых поступлений, использование возможностей Интернета.

При создании в детском саду и в семье, где воспитывается одаренный ребенок, благоприятных условий, при слаженной совместной работе за период дошкольного детства ребенок может пройти путь от первых проявлений склонностей до яркого расцвета способностей, одаренности.

Для воспитания творческого ребенка дошкольного возраста требуется инновационный подход воспитателя и родителей:

- желание работать нестандартно, креативно;

- поисковая активность, любознательность;

- знание психологии дошкольников и психологии одарённых детей.

Для организации воспитательно-образовательной работы с одаренными детьми дошкольного возраста необходимы следующие условия:

- наличие специально подготовленных высококвалифицированных воспитателей и педагогов для работы с одаренными детьми;

- наличие богатой предметно-пространственной среды;

- создание атмосферы доброжелательности и заботливости по отношению к ребенку;

- наличие плана работы с одаренными детьми.

В своей работе необходимо руководствоваться следующими принципами:

- преемственность, реализуемая в процессе сотрудничества воспитателей, педагогов и родителей;
- индивидуальный подход;
- возможность выбора;
- комплексный подход;
- рациональное соотношение индивидуальной и коллективной деятельности ребенка, объема специальных и общеразвивающих занятий;
- взаимодействие и сотрудничество детского сада с дополнительными организациями образования.

Дети с признаками одаренности имеют возможность раскрыть и реализовать свои способности в кружках, студиях, секциях, организованных при дошкольных организациях.

В последнее время актуальность и значимость проблемы раннего выявления и развития одаренности все больше возрастают.

Дошкольное детство является очень важным и благоприятным периодом для развития одаренности.

Развитие детской одаренности в условиях обычного детского сада требует разработки и внедрения целостной системы педагогического управления деятельностью всего педагогического коллектива в этом направлении. Деятельность педагогического коллектива детского сада по развитию детской одаренности строится на основе системного, личностно-ориентированного, личностно-деятельностного подходов.

Раскрытие проблем одаренных детей дошкольного возраста происходит через взаимосвязь их со сверстниками, взрослыми и родителями. Исследования ученых-педагогов показали, что количество детей со средним уровнем развития преобладает над количеством одаренных детей. Значит, что одаренных детей немного. В связи с этим необходимо поддерживать и помогать развиваться одаренным детям с дошкольного возраста в условиях дошкольных организаций и семьи.

Список литературы:

1. Основные положения «Декларации прав человека», принятой Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1948 г.;
2. Основные положения «Конвенции о правах ребенка», принятой Генеральной Ассамблеей ООН 20 ноября 1989 г.;
3. Закон «О правах ребенка в Республике Казахстан» 2002 г.
4. Закон РК «Об образовании» (2007г. с изм. и дополн. 24.10.2011г.13.01.02015г.);
5. Государственная программа развития образования в РК на 2011-2020гг.7.12.2010.;
6. «Балапан» бағдарламасы 2010-2020гг.28.05.2010г (20.12.2013г) №1377
7. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения 23.08.2012. №1080.
8. Белова, Е.С. Одаренность малыша : раскрыть, понять, поддержать / Е.С. Белова. - М.: Академия, 1998. - 251 с.
9. Богоявленская, Д.Б. Рабочая концепция одаренности / Д.Б. Богоявленская, А.В. Брушлинский, В.Д. Шадриков. - М.: Педагогика, 1998. - 257 с.
10. Божович, Л.И. Избранные психологические труды. Проблемы формирования личности / Л.И. Божович. - М.: Международная педагогическая академия, 1995. - 212 с.
11. Большая Советская энциклопедия /под ред. А.М. Прохорова. - М.: Советская энциклопедия, 1974. - 632 с.
12. Выготский, Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте / Л.С. Выготский. - СПб.: СОЮЗ, 1997. - 96 с.
13. Доровской, А.И. Сто советов по развитию одаренности детей. Родителям, воспитателям, учителям / А.И. Доровской. - М.: Российское педагогическое агентство, 1997. - 312 с.
- 14.ОбщеобразовательнаяТиповая программа дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

А. О. Досмағамбетова

химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Аңдатпа. Мақалада пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесінің ерекшелігі және оның бірнеше әдіс-тәсілдері тілдік төрт дағды негізінде сараланып ұсынылды.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности предметно-языкового интегрирования, также методы и приемы обучения, направленные на четыре навыка языковой деятельности

Abstract. The article observes the peculiarities of subject-language integration, methods and approaches of learning focused on four language skills

Тірек сөздер: кіріктірілген бағдарлама, оқу пәні, екінші тіл, дағды, әдістер.

Ключевые слова: интегрированная программа, учебный предмет, второй язык, навыки, методы.

Keywords: integrated program, academic subject, second language, skills, methods.

Кіріктірілген бағдарлама арқылы екінші тілді меңгеру қазіргі уақытта көптілділікті қалыптастыру мен оны іске асырудың негізгі құралы болып табылады. Бұл бағдарламаны еліміздің барлық мектептеріне тарату өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Демек, оқытуда тиімді болатын әдіс-тәсілдерді де білу керек. Еуропа елдерінің оқу бағдарламасында пән мен тілді кіріктіріп оқытуда CLIL әдісін қолданып жүр. Бұл терминді ең алғаш рет Дэвид Марш енгізген болатын [1]. Ол екі жақты мақсатты көздейді: біріншісі – оқу пәнін меңгеру; екіншісі – шетел тілін (екінші тіл ретінде) меңгеру.

Бүгінгі күні кіріктірілген оқу бағдарламасын Қазақстанда бірқатар мектептер қолданып отыр. Нақтырақ айтсақ, кейбір мектептерде Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері пәндері қазақ тілінде, ал математика, биология, информатика, химия, физика пәндері ағылшын тілінде оқытылып жүр. Әрине, әдістің тиімділігін бірден айту қиынға соғады, себебі бұл бір емес, бірнеше жылдың жемісі. Ең алдымен, бұл әдіс оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып, өз мәдениетін бағалап, басқа мәдениетті құрметтеуге үйретеді. Оқушылардан бірден екінші тілде сөйлеп кетеді дегенді күтпеген жөн. Уақыт өте келе, тапсырмаларды жеңілден күрделіге қарай бағыттауды қолданыңыз. Оқушылар

«мен бұл тілді меңгере алмаймын» деген ойда болмауы керек. Скаффолдинг тапсырмалары арқасында оқушылар тілді базалық қарым-қатынас дағдысынан (BICS) академиялық тіл білу дағдысына (CALP) біртіндеп көшеді. Бастапқы кезде оқушылар ауызекі сөйлеу тілінде грамматикалық қателер жіберіп жататын болады, бірақ бұл қателердің барлығын түзетіп, оқушылардың ойын бөлмеңіз. Олар сұрақты бірінші тілде қойса, сіздер екінші тілде жауап беруге тырысыңыз. Ең басты қағидат, оқушылардың меңгерген дағдысын өмірде қолдана білу. Сабақтың жоспарын құрған кезде, оқушыларға қоршаған ортада болып жатқан жағдаяттарды ұсынған жөн болар. Сонымен қатар, оқушылармен топта, жұпта жұмыс жасап дағдыланыңыз, себебі олар бір-бірін үйрету, жетелеу арқылы тілді тез меңгере алады. Оқушылар көбінесе екінші тілде жауап беруге қиналатын кезде, мұғалімдер сөздердің аудармасын өздері айтып жатады. Бұл дұрыс емес, оқушылар берілген сөзді білмей жатса, оған сыныптастары көмектесе алады немесе мәтінді түсінбеген жағдайда мұғалімнен гөрі жанындағы досының түсіндіруі екі оқушыға да пайдасын тигізеді. Себебі оқушылар әр сөзді ой елегінен өткізген жағдайда ғана келесі жолы оның аудармасын ұмытпай айтатын болады. Екінші тілде күнделікті қарым-қатынас жасау үлкен жетістіктер

әкеледі. Сабақта мұғалім оқушылармен қарапайым тілде сөйлеп, ойлануға көп уақыт берген жөн болар. Аудармасын бірден айта салмай, оны ым-ишара түрінде немесе суретін көрсету арқылы көрсеткен кезде, оқушылар оны тез есте сақтайтын болады және оқушыларға ой еркіндігін беріп, көбірек сөйлеуге үйрету керек.

Қазіргі таңда пән мен тілді кіріктіріп оқытуда көптеген стратегияларды ұсынуға болады. Солардың ішінде "Скаффолдинг" (мәтіндік тапсырманың бейімделу әдістері), Топтық оқыту (Team teaching), Translanguage және т.б. стратегияларын қолдану арқылы оқыту тиімді.

Екінші тілді оқыту төрт дағдыға негізделеді. Тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым.

Тыңдалымға негізделген тапсырмалардың өте көп түрлері бар. Мысалы, тыңдалым мәтінін бірінші тілде тыңдап, оны екінші тілде айтып беру. Бұл тапсырма оқушылардың ақпаратты бір тілде тыңдап, оны екінші тілде айтуға дағдыландырады. Сонымен қатар тез ойлап, ақпаратты жүйелі, мазмұнды жеткізуге жетелейді. Тыңдалған мәтіннің негізгі ақпаратын қосымша ақпараттан бөліп алып, оны өзінше айтуға дағдыланады. Осы тыңдалым тапсырмасы негізінде оқушыларға кесте, диаграмма, комикс немесе ментальді картаны жасауға болады. Ол тыңдалған ақпараттан кілтті сөздерін іріктеп алып, оларды дұрыс топтастыруға үйретеді.

1-кесте. "Шын", "Жалған" тапсырмасының кестесі

№	Тұжырымдар	Шын	Жалған
1	Мұхит өнімдерін көп пайдаланатын елдердің бірі – Жапония		
2	Мұхит жағалауында тұратын адамдардың көбі ұзақ жасайды		
3	Мұхит түбіндегі кейбір жануарлардың ағзалары уақыт өте келе жаңарып отырады.		

Тыңдалым мәтіні бойынша ақпараттарды рет-ретімен орналастырып шық. Үлгі:

1. Мұхиттағы жануарлардың тіршілігі
2. Мұхиттағы жануарлардың қорегі
3. Мұхиттағы жануарлардың адамға тиізер пайдасы
4. Тіршілік үшін күрес.

Оқушылардың оқылым дағдысын жетілдіру қарапайым тапсырмалардан басталып, мәселелік оқыту тапсырмаларына дейін қамтуға болады. Функционалды сауаттылық деңгейін анықтау үшін әлемде PISA халықаралық емтиханы өткізіледі. Оқу сауаттылығы оқушыға берген мәтіндерді түсініп, оларға рефлексия жасап, берілген мәтіннің мазмұнын өмірмен байланыстыра алу дегенді білдіреді. Оқылым дағдысының ерекшелігі, ең бастысы, түсініп оқу, зерттеп оқу, сын тұрғысынан ойлау, аргументтерді келтіріп, оны дәлелдей алу және шолып оқу.

Оқылым дағдысына негізделген тапсырмалардың бірі – ол перифраз. Яғни, оқушыға берілген бір сөйлемдерді өз сөзімен қайта жазу. Бұл тапсырма оқушылардың сөйлемді қаншалықты түсінгендігін айқындайды, сонымен қатар екінші тілде сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйретеді.

Сурет, кесте, диаграмма арқылы ақпаратты бірінші тілде оқып, оны екінші тілде айтып беру тапсырмасы да оқушылар үшін өте қызықты. Мысалы, күнделікті өмірде өзіміз қолданып жүрген ауа райы болжамы туралы ақпаратты сурет арқылы беріп, оны екінші тілде айтып бере алады. (Үлгі: 2015 жылдың 21 қазан күніне ауа райының болжамы. Павлодар қаласында сәрсенбі күні түнде күн алабұлтты, жаңбыр жауады, +6 градус жылы, атмосфералық қысым 740 мм, желдің жылдамдығы солтүстік-батыстан 4 м.с., ауаның ылғалдылығы 82% т.с.)

FILA кестесі.

FILA кестесін толтырмас бұрын оқушылар топ ішінде ең алдымен мәтінді жан-жақты талқылап алуы тиіс. Содан кейін ғана кестені толтыруға кіріседі. Бұл кесте оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, проблемадан шығу жолдарын қарастырады. Берілген тапсырманың басты

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

мақсаты – ол бірлескен жұмыста мәселені шешуді жеңілдету және қиын тұстарда ортақ пікірге келуге мүмкіндік беру (2-кесте).

2-кесте. FIDA кестесі.

F (мәтін бойынша фактілер)	I (мәтіннің идеясы)	L (зерттеуді талап ететін сұрақтар)	A (әрекет ету жоспары)

Жазылым дағдысы негізінде анализ жасау, пікір, хат, эссе және т.б. тапсырмаларды қолдануға болады. Сюжетті суреттерді пайдалану арқылы оқушылар тарапынан креативті жұмыстар орындалады. Мысалы: "Суретті пайдаланып, достарыңа хат жаз немесе блогқа ақпарат жаз" деген тапсырмаларды беруге болады.

Кез-келген жазба жұмысын орындау кезінде оқушы жазба жұмысының стилін сақтауды ұмытпауы тиіс. Егер ол хат болса, хат жазу үлгісін, егер мінездеме болатын болса, ресми іс-қағаздар стилін сақтауға тырысуы керек.

Жазба жұмыстарының ішінде ерекше орын алатын тапсырмалардың бірі – эссе жазу. Эссе жазудың өзіндік жүйесі бар. Ол тезис, тезиске сай аргументтерді келтіру, қажет болған жағдайда қарама-қарсы аргументтерді келтіру, себеп, ұсыныс және қорытынды. Көп адамдар эссе мен шығарманың аражігін түсіне бермейді. Дегенмен, бұл екеуі бір-біріне ұқсамайтын дүниелер. Эссе жазған кезде автордың позициясы, проблеманы ашу, түйін шығару деген мәселелер алдыңғы қатарда болу керек.

Талдау жұмыстарын жүргізген кезде (мәтінді, фильм, мультфильм, кино, видеоролик, сурет) төмендегі кестені қолдануға болады [2] (3-кесте).

3-кесте Бейнежазбаны талдау тапсырмасы.

№	Мультфильмнің атауы	
1	Тақырыбы	
2	Идеясы	

3	Кейіпкерлері кімдер? Мұндай кейіпкерлер өмірде кездесе ме?	
4	Мультфильмнің екі мықты жағы қандай?	
5	Мультфильмнің екі әлсіз жағы қандай?	
6	Мультфильм сізді қандай сезімге бөледі?	
7	Қандай өмірлік сабақ алуға болды?	
8	Туынадаған сұрақтарыңыз болса, авторға жазыңыз?	

Тілді меңгеруде ең басты мақсат – айтатын ойын түсінікті етіп жеткізу. Айтылым – адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу, хабарлау сияқты процестермен іске асады. Сондықтан сабақ барысында оқушылардың айтылым дағдысына үлкен мән беріледі. Әр сабақта, әр оқушы өз пікірін ортаға салып, ойымен бөліскен жөн. Айтылым дағдысын жетілдіру үшін диалог, рөлдік ойын, интервью, монолог және т.б. қолдануға болады. Түрлі жағдаяттар, рөлдерге бөліп ойнау, бір-бірін тыңдап, сөйлеу арқылы оқушылар жасаған іс-әрекеттерін ұзақ есте сақтайды. Сонымен қатар, ойлануды қажет ететін тапсырмаларды қолданған кезде, оқушылар оларға анализ жасап, өз пікірлерін қорғауға, дәлелдемелерді келтіріп айтуға дағдыланады. Осы мақсатты жүзеге асыратын әдістерді бірі – ол SWOT әдісі (4-кесте).

4-кесте. SWOT әдісі

S (мықты жақтары)	W (әлсіз жақтары)
O (мүмкіндіктер)	T (қауіп)

Берілетін мәтіндер, аудиожазалар, бейнежазбалар белгілі бір пәнге негізделу керек, тіл мен әдебиет төңірегінде болатын болса, онда ол кіріктірілген оқу жүйесіне жатпайтын болады.

Қорытындылай келе, біз екінші тілді меңгеруде оқытудың жаңа кезеңіне қадам басып отырмыз. Бірнеше жыл бойы жүргізіліп жүрген зерттеулердің нәтижесінде CLIL әдісінің ұтымды тұстарын барлық ел көріп отыр. Оған мұғалімдер ғана емес, оқушылар мен ата-аналар да көз жеткізді. Екінші тілді қарапайым деңгейден академиялық дәрежеге дейін жеткізу-

ді ынтасы мен ықыласы бар ғана адам тез меңгере алады. Сонымен қатар, оқытудағы әдіс-тәсілдерді дұрыс және тиімді пайдаланған ұстаздар ғана өз жемісін көрері анық.

Ең бастысы, CLIL сабағын өткізу барысында мұғалім төрт негізгі қағидаттарды есте сақтағаны жөн. Олар: мазмұн, қарым-қатынас, таным және мәдениет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Л.Т. Нұрақаева, З.К. Шегенова. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін қолдану: Астана, 2013ж.4-бет,
2. З.К. Шегенова, Ә.Т. Жәнісов. Тарих сабақтарында деректермен жұмыс істеудің кейбір әдіс-тәсілдері: Астана, 2014ж., 18-бет

ӘОЖ 37

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

М.Н. Чукотаев

п.ғ.к., профессор, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Е.М. Нұртазина

*п.ғ.к., аға оқытушы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Шығыс Қазақстан облысы бойынша ПҚ БАИ, Өскемен қ.*

Аңдатпа. Авторлар мақалада оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастырудың негізгі шарттарын қарастырады.

Аннотация. В статье авторы рассматривают основные условия формирования логического мышления учащихся.

Abstract. In this article the authors examine the basic conditions for the formation of logical thinking of students.

Түйін сөздер: ойлау мәдениеті, практикалық іс-әрекеттілік, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, формальді логика, диалектикалық логика.

Ключевые слова: культура мышления, практическая деятельность, наглядность, словарно-логические, формальная логика, диалектическая логика.

Key words: culture of thinking, practical work, presentation, verbal and logical, formal logic, dialectical logic.

Ойлау процесі объект пен субъектінің өзара әрекеті ретінде жүзеге асады. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз – оның ішкі, танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни ойлаудың мәнін зерттеу, әрбір адамның өзіндік ойлау

ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән беру.

Қазіргі психологияда ойлау ұғымына әртүрлі түсінік беріледі, ойлау дегеніміз – әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі

нәрселердің жалпы және жанама бейнеленуі. Бұл бейнелену адам ойының талдау және біріктіру әрекеттері арқылы танылады. Ойлау – сыртқы дүниедегі болмыстың жалпы жанама жолмен біздің санамыздағы ең биік сатыдағы бейнесі. Ойлау адамның өмір тәжірибесі мен практикалық іс-әрекеттері нәтижесінде пайда болып, тікелей сезім процесінің шеңберінен әлдеқайда асып түседі [1].

Ойлау – адам соның арқасында заттар мен шындық құбылыстарын олардың елеулі белгілері бойынша бейнелендіретін және олардың ішінде сондай-ақ, арасында болатын әр түрлі байланыстарды ашатын психикалық процесс.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінің заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың біліммен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлауды дамыту – оның мазмұны мен формасын өзгерту болып табылады. Психологияда ойлаудың үш түрі қарастырылады.

1. Практикалық іс-әрекеттілік.
2. Көрнекі-бейнелік
3. Сөздік-логикалық.

Ойлауды дамыту процесі төмендегілерді қамтиды.

1) ойлаудың барлық түрлері мен формаларын дамыту /практикалық іс-әрекеттік, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық/;

2) ойлау амалдарын қалыптастыру және жетілдіру /анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, классификациялау/ т.б.;

3) заттың мәнді белгілерін ажырата білуін дамыту;

4) қоршаған орта құбылыстары мен заттары, қатынастары мен маңызды байланыстарын табу;

5) өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу;

6) өз ойын анық, жүйелі, қарама-қайшылықсыз және негізді түрде баяндау;

7) ойлау тәсілдері мен амалдарын бір саладан екіншіге көшіре білу;

8) құбылыстың дамуын көре білу, негізделген қорытынды жасау;

9) формальды логикаға негізделген ойлаудан, диалектикалық логикаға негізделген ойлауға көшу процесін стимулдау.

Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерінде формальды және диалектикалық логика заңдары мен талаптарын қолдану дағдылары мен біліктіліктерін жетілдіру.

Ойлау амалдарын қалыптастыру және жетілдіру арқылы біз оқушылардың ойлауын дамытамыз. Ойлауды дамыту критерилері ретінде оқушылардың ойлауын дамытудың қандай да бір деңгейінің жетістігін көрсететін көрсеткішті түсіндіреді.

Деңгей-ойлауды дамытудың дәрежесі, критерий-деңгейдің өлшемі.

Оқушылардың ойлауын дамыту деңгейлерін анықтау үшін, психологтар ойлауды дамытудың сегіз шартын тұжырымдайды:

- ойлау операцияларын түсіну дәрежесі – ойлаудың маңызды сипаттаушысы;

- операцияларды меңгеру дәрежесі/ анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, нақтылау, классификациялау және т.б./ оларды барлық танымдық процестерде қолдана білу /оқу, оқудан тыс/;

- операцияларды түсіну және ойлау тәсілдерін басқа жағдайларға және басқа нәрселерге ауыстыруды жүзеге асыра білу дәрежесі;

- ойлаудың әртүрлі түрлерінің қалыптасу дәрежесі;

- білім қорының, олардың жүйелілігінің, білімді меңгерудің жаңа тәсілдерін білу дәрежесі;

- мидың әртүрлі сапаларының динамикалық дәрежесі /тереңдігі,

икемділігі, тізбектілігі, шапшаңдылығы және т.б./;

- іс-әрекеттегі ықшамдылық дәрежесі: шығармашылықпен жұмыс, жаңа жағдайларға бейімделе білу;

- оқушылардың логикалық ой қорытуларды меңгеру, оларды іс-әрекетінде қолдана білу дәрежесі [2].

Әлемдік психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтьев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған [3].

Психолог А.Н.Леонтьев оқушылардың ақыл-ойын дамыту мен оқыту өзара байланысты екенін атап көрсетті [3].

Оқыту арқылы ойлаудың төмендегі сапаларын дамытуға ықпал етуге болады:

- 1.Ойлаудың икемділігі.
- 2.Ойлаудың тереңдігі мен кеңдігі.
- 3.Ойлаудың сыншылығы.
- 4.Ойлаудың мақсаттылығы.
- 5.Ойлаудың жалпылығы.
- 6.Ойлаудың өз бетіншелігі.
- 7.Анықтығы, дәлдігі.

Ойлауға тән осы сипаттар оқушылардың ойлауының мәдениетін көтеруге, олардың интеллектуалдық потенциалын дамытуға көмектеседі.

Ойлаудың жүйелі түрде қалыптасуы тек оқу процесінде ғана емес, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына да көмегін тигізеді. Ойлау мәдениеті жеке тұлғаның туа біткен қасиеті болып табылмайды, ол таным процесі барысында қалыптасады. Ойлау аппаратының дамуы арқылы адамның танып-білу мүмкіндігі ұлғаяды, қарастырылып отырған мәселенің түп мәніне тереңірек үңілуге мүмкіндік алады. Ақыл-ой еңбегі мәдениеті – ойлау мәдениеті – сыншыл ойлау мәдениеті. Осылайша, оқу бағдарламаларына сәйкес білімді меңгеру оқушыдан күрделі ақыл-ой еңбегін, жақсы есті дамыған қиялды және оқуға шығармашылық тұрғыдан келуді талап етеді.

Ойлау мәдениеті түсінігін А.Қасымжанов, А.Ж.Келбұғанов ойлау қабілеті дамуының белгілі бір дәрежесі

ретінде түсінеді, яғни тар мағынасында ол «Ойлаудың қағидалық әдісі немесе ұғымдарға сүйеніп ойлау өнері». Бұл бәрін терең, әрі жан-жақты қарастыруға көмектесетін, сол арқылы мәңгі даму үстіндегі әлемді дұрыс қабылдайтын ойлаудың әдістері мен тәсілдерін меңгеру арқылы қол жеткізу [4].

Оқушылардың белгілі бір бөлігі ғана өз бетінше еңбек ету және еңбек ету мәдениеті дағдыларын меңгереді. Бұл оларда өзінің жұмыс орнын қарапайым ұйымдастырудан бастап, дәл және дұрыс ақыл-ой, сонымен бірге практикалық әрекет дағдыларына дейін барлығынан көрініс табады. Олар ақыл-ой әдістерінің бірқатар қорын жинақтайды. Олардың таным әрекеті жоғарғы дәрежелі ойлау операцияларымен, ойлаудың шапшаңдығы, икемдігі, оралымдығымен, оқушылар бұрын кездеспеген жаңа, тың тапсырмаларға өзінің білімін, интеллектуалдық біліктілігі мен дағдыларын өз бетінше көшіріп қолдана алуымен ерекшеленеді. Оқу әрекеті дағдыларын меңгермеген оқушылар өз жұмысын жоспарлап, уақытты дұрыс, тиімді пайдалана алмайды.

Бұл жерде сөз ақыл-ой процестерінің сырттан басқарылуы /мұғалім тарапынан, бағдарламалық оқулықтарымен, оқытатын құралдар, электронды машиналармен/ жөнінде ғана емес, оқу әрекеті барысында саналы түрде өзін-өзі басқару және өзін-өзі реттеу жөнінде де болып отыр. Ал бұл үшін оқушыға оның жеке-психологиялық ерекшеліктерін, оның оқу және практикалық әрекетке қатынасын ескере отырып ықпал ету керек және оның меңгерген өзіндік жалпылама тиімді тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етуі қажет. Интеллектуалдық білік-дағдыларға үйрету бір-бірімен тығыз байланысты болатын төрт мәселені қамтиды: ойлау әрекетінің саналы болуына қажеттілік қалыптастыру, әрекет ету бойынша жалпы ережелерді білу, бұл әрекеттерді тәжірибе жүзінде тексеру және өзін-өзі бақылау. Оқушыларды керекті себептендіруді /мотивация/ тудыру үшін оларда ойлау процесінің өзін саналандыруға

/рационализация/ қажеттілік пайда болуы, оны дамыту туралы неғұрлым кең мәселеге өсетін белгілі бір нақты әдіс қолданылады. Зерттеулер көрсеткендей, бұл қажеттілік оқыту барысында ақыл-ой әрекеті әдістерінің ұзақ уақыт қалыптасуы нәтижесінде пайда болады. Ойлауды саналандыруға қажеттілік ойлау мәдениеті әдістерін тиімді меңгерудегі қажетті алғы шарттардың бірі болып табылады.

Бұл жағдайда оқушы есіне үлкен көлемдегі ақпараттарды сақтай алады, бірақ оны пайдалана алмауы да, құрғақ жаттап алған материалдың мазмұнын жете түсінбеуі де мүмкін. Міне, осы жерде ойлау мәдениетіне үйрету керек болары сөзсіз.

Әрине, оқушы білімді меңгеру кезінде ойлау әрекетінің белгілі бір тәсілдері мен әдістерін меңгереді, бірақ мұндай стихиялы, жүйесіздік жеткіліксіз екендігі анық. Бұл мәселені қалай шешуде педагог психологтардың көзқарастары әртүрлі, біреулері оқытуды өз бетінше ойлауды дамытатындай етіп ұйымдастыру керек деп есептейді, егер соңғы нәтижесінде оқушылар дұрыс ойлау мәдениетіне үйренетін болса, бұл жерде түбегейлі айырма жоқ.

Жақсы өңделген және берік тұрақталған әдістердің қалыптасуына әкелетін ақыл-ой дамуының аса маңызды жағын құрайды. Бірақ бұл пікір жалпылама сипатта ғана, себебі нақты әдіс-тәсілдері сан алуан, әр текті болып келеді. Бұл жерде біз ойлау мәдениетіне тоқталамыз.

Соңғы кездердегі педагогикалық ізденістерде ақыл-ой біліктерінің мақсатты түрде дамуына ойлау әрекетінің арнайы қалыптасуына ерекше назар аударылуда, яғни ойлау дағдыларына үйретуге, танымдық ізденіс процестеріне ден қойылуда. Бұл ізденіс басталғаннан бері педагогикалық тәжірибеде әртүрлі оқу курстарына ақыл-ой дамуына байланысты тапсырмаларды енгізуге ұмтылыс жаппай сипат алды. Мамандар мен оқытушыларға жаппай бағдар беру мақсатында ойлаудың білік-дағдыларының ортақ көрініс көрсету үшін ортақ үрдісіне мақсатты түрде қалыптастырылуға тиіс

осы ойлау машықтарының бірыңғай үлгісі жасалды. Ақыл-ой /интеллектуалдық/ дағдыларының орталық тірегі, діңгегі болып ойлау белгіленеді. Ойлау мәдениеті үшін төмендегідей сапалар тән болуы тиіс: айқындық, қайшылықсыз, бірізділік, негізділік, дәйектілік, яғни ойлау тәртібін құрайтын заңдылықтар басшылыққа алынады.

Ойлау мәдениетін тек қана пайымдаулар мен тұжырымдардың логикалық тұрғыдан қатаң дәлелдігі айқындамайды, ол үшін мінез-құлықтың да белгілі бір сапалары қажет: «оқушының ақыл-ойын басынан-ақ өзіндік сыншылдыққа, өзіндік көзқарастарын өз бетінше қорғай алуға, қарсы пікірлерге жауап табуға үйрету керек» екендігін И.Кант дәлелдеген болатын [5].

Адам өзінің және өзгенің ойларына қатаң баға беріп отырады, олардың күшті және әлсіз жақтарын көре біледі, кезкелген болжамды ақиқат ретінде тани бермейді, оның ақиқаттығын дәлелдеуге ұмтылады. Адамның ойлау сыншылдығы өзі қалыптасқан көзқарастарын, қағидаларын қайта қарап, егер ол ғылым мен практиканың жаңа, тың мәліметтеріне, деректеріне қайшы келсе, оларды соған сәйкес өзгертіп отырады.

Ғылыми-техникалық даму жағдайында әр саладағы білімнің қажеттілігі мен адам әрекетінің сан алуан түрлерінің бөлініп шығу үрдісі, сонымен бірге әртүрлі мамандыққа ортақ болатын құраушы бөліктерінің көрініс беруі арқылы олардың бірігу үрдістері үнемі жүріп жатады. Сондықтан оқыту барысы кезінде жеке тұлғалық сапалардың нақты дағдылары мен біліктерінің, қатаң анықталған білім жүйесінің қалыптасуын қамтамасыз ету керек болады. Бұның бәрі оқушының оқу процесі кезіндегі ақыл-ой әрекетін басқара білуді барынша өзекті мәселеге айналдырды.

Оқушыларды ой еңбегіне тәрбиелеу түгелдей оқыту-тәрбие жұмыстарының кезінде үздіксіз жүріп отырады. Ақыл-ой тәрбиесінің табыстылығын айқындайтын негізгі факторлар; оқу материалдарының

мазмұны, оқыту әдістері және оқушының сол арқылы реттеле ұмтылдыңарған, қоршаған өмірге байланысты жеке өзіндік тәжірибесі арқылы бекітілген танымдық әрекеті, сыныптағы және сыныптан тыс сабақтардың мазмұны және мектеп оқушылары оқып білім алатын, өмір сүретін жалпы ақыл-ой ортасының дәрежесі болып табылады.

Оқушылардың ойлау әрекетін басқарудың маңыздылығы қазіргі заманғы оқыту процесін талдау барысында үш негізгі аспектіден ашылады:

1) структуралық /құрылымдық/ – оқыту процесін жүзеге асыратын жүйенің құрылысы жағынан;

2) функционалды /қызметтік/ – оқыту процесін басқаратын негізгі бағыттың көрінісін анықтау тұрғысынан;

3) информативтік /ақпараттық/ – осы жүйеде әрекет ететін білімдік, танымдық ақпараттар тұрғысынан.

Ақыл-ой әрекетін басқарудың маңыздылығы оқытушы мен оқушының белсенді түрдегі байланысын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен арта түседі. Ұстаз оқушының танымдық әрекетін мақсатты түрде басқару арқылы нәтижесінде оқушыда белгілі бір анық білім қоры, дағдылар мен біліктер қалыптасады.

К.Н. Волков адам ойының, ойлаудың дамуы нәтижесінде бірқатар құнды ойлар білдірді. Бұл процесте оқытудың жетекші роль атқаратынын ерекше көрсете отырып, К.Н.Волков: «оқыту процесі оқушының кешегі өткен даму жасына емес, болашақтағы даму жасына қарай бағыт-бағдар алуы тиіс, оқытуды аяқталған бір даму кезеңі немесе деңгейі ретінде қарастыруға болмайды. Оқыту ең алдымен әлі қалыптаспағанға, енді алда оқыту арқылы қалыптасатынға қарай бағытталатындай түрде жүргізілуі қажет» [6].

Оқытуда деректер мен теориялық қағидаларды білмейінше, даму жоқ және болуы да мүмкін емес. Тұлғаның дамуы мен білімді меңгеруі екеуін тікелей бір нәрсе деп есептеуге болмайды. Сөйте тұра оқушылар деректер мен теориялық

қағидаларды есінде сақтап алып, өздерінің танымдық қабілеттерін әртүрлі дәрежеде жетілдіреді, алған білімді өздігінен, біреулері саналы әрі жедел түрде қолдануды үйренеді. Оқытудың түрлі әдістері тұлғаның қалыптасуына өз әсерін тигізіп отырады.

Ойлау дамудың жеке көрсеткіштерінің бірі адамның алдынан пайда болған қағидалық және тәжірибелік міндеттерді аңдап қалуы, оны жете түсінуі және оны орындап шығуы болып табылады. Оқушылар үшін даму үйренімділіктің, оқытылымдықтың өсуі, яғни барынша үнемді түрде мүмкін болғанша неғұрлым мол білімділік және тәрбиелік құндылықтарды алу қабілеті арқылы анықталады.

Дамыту әрқашан тәрбиеленуші, ал тәрбие дамытушы болуы тиіс. Бұл пікірдің көкейкестілігі сонда, жеке тұлғаның белгілі бір сапаларын меңгермейінше ойлауды дамыту мүмкін емес, оқыту барысында тәрбиелеу процесі әрдайым қатар жүріп отырады. Ойлау қабілетін дамытуды қарастырғанда, оның жүйелі ұйымдастырылған оқыту процесінде жүзеге асатынын ескеру керек болады. Ойлауды ұйымдастырылған оқыту процесінде дамыту жағдайында жүзеге асырудың өзіндік мәні бар басты ерекшелігін көрсету қажет: ол оқушылардың теориялық ойлауының қалыптасуына қарай бағдарланады. Әлеуметтік тәжірибенің барлық құндылығы қандай да бір ғылыми сала арқылы жеткізіледі. Ал мектептегі білім беруде әрекет етудің бұл салалары оқу пәндеріне айналатыны белгілі. Оқыту процесінде ойлауды дамыту әлеуметтік, қоғамдық тапсырыстардың педагогикалық үлгісі ретінде білімнің мазмұны арқылы, түптеп келгенде белгілі бір нақты ұғымдар мен түсініктерді, біліктер мен тәжірибелерді оқушыларға меңгерту арқылы жүзеге асырылады.

Педагогика мен психологияда дамытудың көптеген шарттары көрсетіледі. Мысалы, Л.В.Занков оқушылар үшін үш аспектіні көрсетеді:

1) бақылай алу, ойлау және практикалық әрекет;

2) кеңінен танылған шарт ретінде оқушының өз білімдері мен тілектерін іс жүзіне ауыстырылып қолдана білуі болып табылады;

3) ол неғұрлым өз бетінше жұмыс жасай алатын болса, бұл ауыстырудың да аумағы соғұрлым кең және оның шарттары да күрделі бола түседі, бұл оқушының қаншалықты дамуын, яғни даму дәрежесін көрсетеді. Дамуды бағалау шарттарының көптігі мектепте дамытуға қажетті танымдық сапалардың көптігін береді.

Оқыту процесінде ойлаудың дамуы жіктелмелі түрде жүреді. Қандай да бір сабақта дамуға қол жеткізгені анық көрініс беруі керек. Бір сабақтарда даму және меңгеру анық көрініп тұрса, кейбір сабақтарда ол елеусіз ғана болуы мүмкін.

Әрекет ету сипатына қарай және қайшылықтарды шешудің оқу танымындағы жолына қарай ойлаудың түрлі деңгейлері туралы айтуға болады. Бұл деңгейлер ойлаудың табиғатына және таным процесінің заңдылықтарына байланысты анықталады: бірқатар оқушылар жақсы түсіне отырып өз бетінше жемісті ойлай алады, кейбірі олай етуге қабілетсіз болады, бірқатар оқушылар талдау жасай алады, енді біреулерінің бұл әрекет қолынан келе бермейді. Оқушылардың бұлайша әр деңгейдегі дайындығы әртүрлі нұсқаларды құрастырудың объективті негізі ретінде танылады, ол үшін оқытудың барынша түрлі әдістерін қолдану керек, яғни түрлі дидактикалық құрылымдарды, ерекшеліктерді ескеретін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ойластыру қажет болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Рубинштейн Л.С. *Әрекет. Іс-әрекет. Психология. – Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы: Таймас, 2005. – Т-2. – 477 б.*
- 2 Занков Л.В. *О начальном обучении. – М., 1963. – 193 с.*
- 3 Давыдов В.В. *Содержание и структура учебной деятельности. В кн. Формирование учебной деятельности школьников. – М., 1982. – 210 с.*
- 4 Талызина Н.Ф. *Формирование познавательной деятельности учащихся. – М.: Знание, 1983. – 95 с.*
- 5 Тихомиров О.К. *Психология. 9-том. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. – Алматы: Таймас, 2006. – 323 б.*
- 6 Шабельников В.К. *Формирование быстрой мысли. – Алматы: Мектеп, 1982. – 156 с.*

СПОСОБЫ АДЕКВАТНОГО ПЕРЕВОДА СРАВНЕНИЙ

Г.К. Смагулова

Рудненский индустриальный институт, г. Рудный

Аңдатпа. Мақалада теңеулерді аударудағы өзекті мәселелер, әсіресе көркем шығармадағы теңеулерді аудару қарастырылады. Талдауға соңғы он жылда шығарылған ғылыми еңбектер және аударма шығармалары алынып, ұлттық нақышта көрсетілген.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемные вопросы перевода сравнений, особенно перевод сравнений в художественных произведениях. Для разбора сравнений были взяты научные статьи и переведенные произведения за последние десять лет, приведены примеры перевода сравнений, представленные в национальном колорите.

Abstract. In the article the author mentions the problems of translation of the comparisons. For the analysis of comparisons here taken scientific articles and translated works for the last ten years.

Түйін сөздер: рухани мәдениет, қазақ поэзиясының заманауи аудармасы, көркем аударма, әдеби процесс, тілдік факторлар, тілдік кедергі, аударма мәселесі.

Ключевые слова: духовная культура, современный перевод казахской поэзии, художественный перевод, литературный процесс, языковые факторы, языковой барьер, проблема перевода.

Key words: intellectual culture, modern translation of the Kazakh poetry, literary translation, literary process, language factors, linguistic barrier, problem of translation.

Иноязычный читатель, желающий ближе познакомиться с тем или иным народом, прежде всего, обращается к его духовной культуре и истории. Литературное творчество можно назвать основой характеристики любого этноса, поэтому качество переводных произведений раннего периода, как и любой другой литературы, имеют важнейшее значение в трактовке быта, культуры, нравов конкретного народа перед мировой цивилизацией.

Перевод современной казахской поэзии на современный русский язык, в едином времени и пространстве во многом облегчат задачу переводчика по осуществлению более качественного перевода, но с интерпретацией древних эпических произведений гораздо сложнее, здесь кроме языкового барьера, присутствует временной. Здесь-то и проявляются трудности трансформации одного языкового материала на другой. Не каждый представитель любой нации знает в совершенстве историю, древние обычаи и нравы своих предков, не говоря уже о преданиях «чужой далекой старины».

Казахская литература давно переводится на русский язык. Взаимное общение Казахстана с Россией измеряется не одним столетием. Однако по различным политико-идеологическим причинам, в большинстве своем субъективным, ранняя казахская литература и произведения эпоса почти не переводились на государственный язык России. На сегодняшний день существует один сборник переводных произведений и разрозненные публикации в различных изданиях, периодической печати, отдельных учебниках.

Бесспорно – проблема перевода с одного языка на другой всегда существовала, также бесспорно то, что очень трудно поддается переводу. В классике, особенно сложна передача древних и старинных текстов на любой национальный язык. Здесь главное, чтобы не было слов и синтаксических конструкций, дезинформирующих читателя, вызывая сомнения в эстетической и духовной ценности оригинала.

Надо отметить, что образность, поэтические детали, колорит оригинала в полной мере переданы в переводе. Сохранены

инверсионные строки, система рифмованная. Доброкачественно переведены стихотворения «Көлде жүрген қоңыр қаз...», «Откуда озерному дикому гусю...», «Жәнібекке айтқан толғауы», «Обращение к хану Жанибеку», «Бұл заманда не ғарып?», «Что в жизни считать несчастьем?». Здесь В.Рождественский умело трансформировал национальное своеобразие и художественно-стилистическую направленность произведений Асана Кайгы, его философские взгляды на смысл жизни, духовные ценности и многогранную специфику человеческих взаимоотношений, которые присущи социально-политическому укладу любого общества.

Перевод является одним из верных путей к пониманию одного народа другим. Он дает более глубокое представление о сокровенной сути чужой жизни через литературу. Мысль о том, что должно объединить людей, сблизить их в единое человеческое общество, постоянно волновало умы. Этой обострившейся потребности времени и служит, в частности, духовный взаимообмен – художественный перевод.

Казахские литературоведы в свое время много переводили с русского языка, поэтому казахское переводоведение сделало значительный шаг вперед. Известны труды М.Ауезова, М.Жангалина, Р.Хайруллина, С.Талжанова и др., посвященные проблемам перевода. В основном в этих трудах анализу подвергались проблемы качества перевода. К сожалению, в них не детализировались конкретные приемы и методы передачи тех или иных литературных образов.

Художественный перевод является неотъемлемой частью современного литературного процесса, способствует взаимообогащению и взаимосвязи литератур других народов. Особенно широко развивается переводческое дело в послевоенные годы. Переводятся все виды литературного творчества.

Особенно трудно переводится эпос. Удачным считается перевод лирической поэмы казахского эпоса «Козы-Корпеш Баян-Сулу», выполненный В.Потаповой.

Перевод привлекает внимание читателя мягкостью и красотой языка, пятистопный ямб удачно передает характерную размерность эпического рассказа. Переводы поэм «Камбар батыр» и «Кобыланды батыр» также близки к оригиналу.

В языкознании транспозиция определяется как перевод знака из одной категории в другую.

Факты перехода одной части речи в другую обусловлены закономерностями развития грамматического строя языка. Изменение функции слова в речи. Накопление нового грамматического качества и потеря старых связей создают условия для перехода частей речи.

Этот процесс, т.е. переход слов из одной части речи в другую, в русской грамматике отмечается давно. Об употреблении прилагательного вместо существительного упоминается в работах «Синтаксис русского языка», Рассматривая различные случаи перехода слов одной части речи в другую, А.А. Шахматов утвердил термины «субстантивация», «адъективация», «вербализация», «прономинизация», «адвербиализация», «конъюнкционализация».

Транспозиция – перемещение языкового знака из одной категории в другую – явление универсальное, отмеченное во всех языках и регулярно действующее на всех уровнях функционирования языка.

В семантическом отношении имени действия присуще сочетание сем предметности и процессуального признака. Каждая из названных сем эксплицирована, сема предметности получает выражение благодаря наличию аффикса – у, сема процессуального признака – посредством лексического значения производящей основы.

В современном казахском языке каждой морфеме присуще строго определенное место в слове. Это связано с природой языка. Как и остальные формы, морфема – у имеет соответствующее ей место и значение. Поэтому морфема – у может служить «мостом» между существительным и глаголом и в семантическом, и в формальном плане.

Большинство казахских фольклорных жанров объединено одной существенной деталью – наличием глубинного подтекста, многоступенчатой символикой, изначально присущей восточной психологии, мысли своеобразно трактовкой универсальных образов, сохранившихся и в произведениях современной литературы. Исследователи устного народного творчества отмечали, что в устном поэтическом слове отсутствует прямое указывание и название, даже характеризуя себя, свой облик и свои деяния степняк прибегает к образной символике, метафоризации, различным сравнениям и параллелизмам. Известный писатель-переводчик Г.Бельгер так пишет об этом: «помните в «Пути Абая»: по старому обычаю аксакалов, отец говорит иносказательно, намеками и кружит над целью своей речи, как ястреб. «Просмотрите произведения известных казахских прозаиков и вы найдете немало образцов подобного красноречия. Вероятно это идет от фольклора, от культа изысканного слова, которое издревле почиталось в степи».

Как было отмечено выше, задачей статьи является рассмотрение передачи национальных символов при переводе на русский язык. Корни символа, как известно, лежат в фольклоре народа. В символе наличествует скрытое сравнение, та или иная связь с явлениями быта, явлениями исторического порядка, историческими сказаниями. И.Есенберлин при написании трилогии плодотворно использовал фольклор, следовательно, естественно наличие символов в произведении.

Проведенный нами анализ двух романов «Заговоренный меч» и «Хан Кене», выявил значительное число использованных И. Есенберлиным символов, которые могут быть квалифицированы как национальные символы.

Одна из труднейших задач, стоящих перед переводчиками при передаче национального своеобразия любого художественного произведения, – передача фразеологизмов, реалии, и, конечно, национальных символов. Попытаемся просле-

дить, сумел ли переводчик при передаче на русский язык казахских символических конструкций, достичь той выразительности, образности, которые присущи оригиналу. Смог ли он передать основное значение символа?

Перевод этого крупного произведения был осуществлен М.Симашко. Вот как звучат эти символические выражения в переводном варианте у М.Симашко:

1) «Совсем недавно возвратился Кобыланды батыр, разбросав по ветру пепел ногайлинских аулов. Весь скот угнал он у них...».

2) «Задача им дана простая: разгромить неожиданным налетом ставку Джанибека, а прах развеять по ветру».

3) «Не дав даже развернуться громоздкому, плохо управляемому войску Лошкарров, казахские конные тысячи лавой ударили по передовой линии Бахтияра султана».

Мы чувствуем, что первые две конструкции переведены почти буквально, по смыслу перевод соответствует оригиналу, сказать, что семантическое значение их затуманено или функциональное своеобразие не сохранено, нельзя. На русском языке символические выражения звучат выразительно, чувствуется, что это перевод, где сохранен восточный колорит. На наш взгляд, в этом случае найден удачный аналог. Однако этого мы не видим в третьем примере. В этом случае, напротив много утеряно. Сравнивая текст оригинала и перевода, обнаруживаем смысловое своеволие переводчика. Перевод звучит многословно. Деталь «күл талқан етті» несущая оригинальный колорит, опущена, тем самым обеднен ассоциативный ряд. Кроме того, сочетание «лавой ударили по передовой линии» не соответствует тогдашнему казахскому быту, исторической реалии, потерян национальный колорит времени. Создается впечатление, будто речь идет о войне 1941 года.

Национальное, неповторимое, связанное с исторически сложившейся психологией народа, и есть то, ради чего произведение и переводится. Это основное

условие жизнеспособности и долговечности перевода. Читатель, читающий перевод должен знать и чувствовать, что он приобщается к казахской культуре.

Воссоздание в переводе изобразительно-выразительных средств языка оригинала является важной частью задачи переводчика, так как казахские национальные символы составляют одну из важнейших особенностей самого мышления народа, его видения мира. На наш взгляд, перевод данных символов считается наиболее удачным. В переводе также как и в оригинале, символы звучат красиво и достоверно. Перевод близок к оригиналу, смысловые оттенки воспроизведены точно.

Считается, что прозаический перевод легче поэтического. Мы бы отметили другое: это различные виды перевода, каждый имеет свои проблемы. Перевод прозы требует немалой подготовительной работы. Не один раз «пропустив» произведение через себя, переводчик должен почувствовать и понять жизнь, которую воссоздал автор, постигнуть само произведение – разгадать намерение и замысел автора.

Суть трудностей, вероятно в том, что многие русские переводчики видят, представляют, мыслят не совсем то, что содержится в произведениях казахских писателей. Наверное, нужны исследования по сопоставительной поэтике, необходимо, уточняя, сравнительные смыслы эстетических категорий и смыслов, вводить в русский обиход побольше текстов, раскрывающих субстрат казахской литературы, казахского фольклора. Литературоведы, фольклористы, текстологи, по-нашему, должны выполнять эту работу.

Целью данной статьи является рассмотрение трансформации символов казахской литературы на русский язык.

Символ генетически связан с тем периодом, когда представители древнего общества, пытаясь постичь окружающий мир, отражали свои впечатления в простых рисунках на скалах, камнях, в орнаментальных композициях, мифических сказах. Уже в ранние века существования человечества

художественное творчество было насыщено различными символическими формами, суть их значения, которых осознавалось последующими поколениями. Символ, таким образом, корнями уходит к древним традициям художественного мышления.

Поскольку символы являются важнейшим литературно-художественным элементом, представляя национальную особенность любой литературы, мы решили, что их полноценная передача с одного языка на другой является одним из важных моментов переводческого процесса.

Перевод, представляемый первоначально как процесс передачи информации с одного языка на другой, прочно закрепился в современном понимании как особый вид речевой коммуникативной деятельности, обеспечивающий не только межъязыковые, но и интеркультурное, т.е. межкультурное общение разноязычных партнеров.

Перевод представляет собой достаточно сложное средство преодоления языковых барьеров. Основные трудности, с которыми сталкивается переводчик, связаны с особенностями языков и способами их использования для наименования объектов описания ситуаций. Здесь можно выделить три типа трудностей: специфичность семантики языковых единиц, несовпадение «картин мира», создаваемых языками для отражения внеязыковой реальности, и различия в самой этой реальности, описываемые в переводимых текстах.

Языковые факторы не только порождают трудности для перевода, но и создают условия для их преодоления. Хотя каждый язык уникален, в основе строения и употребления всех языков лежит один и тот же принцип, что делает возможным их соотношение в процессе перевода. Все языки состоят из двусторонних единиц, обладающих звучанием и значением. Все они обладают словарным составом и грамматическим строем, служат средством формирования мыслей и передачи их в процессе общения с другими людьми. Все они способны различными способами выражать понятийные

категории времени, места, числа, модальности и мн. др., обозначать классы предметов и отдельные признаки, процессы и состояния.

Перевод является сложнейшей интеллектуальной деятельностью, т.е. представляет собой психофизический процесс отражения сознания переводчика некоторой реальности. Сложность «переводческого» отражения действительности состоит в том, что воспринимает уже отраженные чужим сознанием факты действительности. От того, как воспринимает переводчик «свою реальность» зависят свойства создаваемого им продукта. Перевод следует всегда рассматривать как частичную передачу смысла исходного сообщения, лишь приближающуюся в большей или меньшей степени к полной. Отличие перевода от других видов межъязыкового посредничества состоит именно в том, что перевод стремится к максимально полному и точному воссозданию всей системы смыслов, заключенной в исходном сообщении. Главной функцией перевода, отличающей его от других разновидностей коммуникации с использованием двух языков, оказывается общественная функция посредничества, т.е. передача чего-либо от одного индивида другому.

Многогранность и многоаспектность перевода как собственно литературоведческого, лингвистического, так и психолингвистического, социолингвистического, коммуникативного и интеркультурного подходов.

Традиционное представление о том, что главную роль в переводе играют языки, получило серьезное обоснование, и в современном переводоведении ведущее место принадлежит лингвистическим теориям перевода.

Легче переводить и меньше опасности допустить ошибку, когда переводчик знает литературу, знаком с ее жизненной новой основой, понимает типологические особенности этой литературы. К сожалению, таким знанием владеют не все переводчики казахской прозы.

Проблема определения объекта и предмета теории перевода рассматривается в работах многих исследователей. А.Ф. Федоров, один из основоположников отечественной лингвистической теории перевода, справедливо полагал, «что при всей взаимосвязанности различных плоскостей изучения, обусловленной единством самого объекта – перевода, постоянно возникает необходимость обращать основное внимание на определенную сторону объекта изучения, при большей или меньшей степени абстракции от остальных». Признавая, что на современном этапе интересы исследователей перевода разделились, что наряду с традиционным изучением соотношения перевода с оригиналом появилось новое направление, исследующее процесс перевода путем его моделирования. Федоров считал необходимым в большей степени сконцентрироваться на лингвистической стороне перевода.

«Основным предметом внимания для теории перевода, - отмечал он, - являются соотношения между подлинником и переводом и различие тех форм, которые они принимают в конкретных случаях, требующих объяснения и уточнения». Швейцер представляя иное направление в теории перевода, полагал, что в предмет теории перевода «входит процесс перевода в широком социокультурном контексте с учетом влияющих на него внеязыковых факторов – его социальных, культурных и психологических детерминантов». Объектом исследования оказывался опять же перевод как особый вид речевой коммуникации. Швейцер уже стремится преодолеть рамки лингвистики и вывести теорию перевода на уровень самостоятельной научной дисциплины. Миньяр-Белоручев приходит к определению объекта теории перевода как особого вида коммуникации, а именно коммуникации с использованием двух языков, а при определении предмета науки о переводе он исходил из положения о том, что предметом любой науки является теоретическое отражение содержание объекта, создание его абстрактной

модели, накопление систематизированных знаний об объекте. Предложение исследователем положения об объекте переводческой науки позволят взглянуть на перевод не только как на объект сопоставительной лингвистики. Из этого определения узнаем, что перевод представляет собой один из сложных видов речевой деятельности и он предполагает взаимодействие трех участников акта коммуникации с использованием двух языков. В этой формулировке

объекта науки о переводе, отражающей деятельный подход к переводу, который, по мнению ее автора противопоставлен сугуболингвистическому, перевод рассматривается как процесс, рациональная деятельность. Иначе говоря, наука о переводе исследует двуязычную деятельность переводчика в его взаимодействии с автором исходного сообщения и получателем продукта перевода.

Список литературы:

1. Сагындыков Н.Ж. *Казахская поэзия в русском переводе.* – Алматы: 1983.
2. *Проблемы сопоставительной грамматики и перевода.* – Межвузовский сборник научных трудов. Алматы: 1997.
3. Комиссаров В.Н. *Лингвистика перевода.* – М.: 1980.
4. Кондрашов Н.А. *Основные вопросы русского языка.* – М.: 1985.
5. Алексеева И.С. *Введение в переводоведение.* – М.: 2004.

ӘОЖ 373.5.091.2

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қ.А. Рақымжанов, М.К. Жакишева

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың мәселелері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается проблема применения интерактивных методов обучения казахского языка.

Abstract. In this article examined the problem of application of interactive methods of educating of the Kazakh language.

Тірек сөздер: интерактивті оқыту, қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгерту, оқытудың ең тиімді әдістері.

Ключевые слова: интерактивное обучение, обучение казахскому языку с практической точки зрения, наиболее эффективные способы обучения.

Keywords: interactive learning, learning of the Kazakh language from a practical point of view, the most effective ways of learning.

Білім жүйесінің дамуы мен тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекеттің даму шарттары көптеген дамыған елдерде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін қалыптастырып, оларды жеке тұлға

ретінде дамыту мектептегі білім жүйесін жетілдірудің басты міндеті болып табылады. Бүгінгі жаһандану заманында еліміздің әлемнің алпауыт елдерінің қатарында тұрып, ұлттық құндылықтарымыз бен тілімізді, тарихымыз бен мәдениетімізді әлемге танытатын зиялы, білікті ұрпақ тәр-

биелеу, міндетіміз. Сондықтан мұғалімнің алдында жан-жақты дамыған, өз елінің тілін, тарихын, мәдениетін жетік білетін, белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын білімдік орта құру міндеті тұр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік тілді дамыту туралы: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйымдастыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Сіздер біздің саясатымыз туралы – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс екендігін білесіздер. Бұл үшін қазір барлық жағдай жасалған. Қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл – егер бала биыл мектепке барса, енді он-он екі жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз», - деп атап көрсеткен болатын [1]. Сонымен қатар, ҚР «Білім туралы» Заңында барлық білім беру ұйымдарының білім алушылары мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуі атап көрсетілген [2].

Бүгінгі білім жүйесінің белсенді азаматтық ұстанымы бар, шығармашылық

тұрғыдан ойлауға, өмір бойы білім алуға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу басты міндеті. Осыған орай, мемлекетіміз мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады. Мұғалімдердің оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлануы қолдау табатын болады. Интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім беру аймағын іске асыруға ауысу қамтамасыз етілетін болады [3].

Қазақстанда мемлекеттік тілдің дамуына зор көңіл бөлініп, қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қойып отырғандығы атап көрсетілген [4].

Осы тұрғыдан қарасақ, бұл тек жаңа технологиялық құралдар ғана емес, оқытудың жаңа түрі мен әдістері, оқытуға жаңаша көзқарас дегенді білдіреді. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану бұл оқушыларға қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру үшін қолданылатын технологиялар, олардың қатысымдық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға, оларға ғылым мен білімді үйретуге, ынтымақтастықта еңбектенуге тәрбиелеуге, қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгертуге арналған технологияларды қолдану болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің

басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [4].

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде оқытушыларға жаңа талап, міндеттер жүктеліп отыр. Оқушыларға теориялық білім негіздерін меңгертумен ғана шектелмей, олардың шығармашыл әлеуетін дамыту, бәсекеге қабілетін арттыру, ақпаратты өзі іздеп, өзі тауып, тәжірибесінде қолдана білуге үйрету өмір талабы болып отыр. Бұл мәселелер оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру арқылы шешімін таппақ. Сол себепті оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласына келген жаңа технологиялардың бірі – интерактивті оқыту әдістері.

«Интерактивті» термині ағылшын тілінен аударғанда, «бірлесіп әрекет қылу», өзара әрекет етуге қабілетті («interact»: «inter»- өзара, «act»-әрекет ету) деген мағынаны білдіреді. Яғни, интерактивті оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы бірлесе әрекет ету барысында іске асатын – сұхбаттасу арқылы оқыту. Бірақ қазіргі педагогикада «интерактивті оқыту» ұғымын бір ғалымдар оқу процесінің түрі ретінде, енді біреулері оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың психология-педогогикалық жүйесі ретінде, үшінші біреулері оқыту технологиясы ретінде қарастырады. Алайда интерактивті оқыту ұғымының бірлесе әрекет ету екендігін көптеген ғалымдар мойындайды. Мұғалім қызметінде мәселені талқылау барысында өзара дауласып, пікірлесіп келісімге келетін, бір-бірін ынталандырып, қарқындытып бірлесіп әре-

кет етуші оқушылар тобы басты орын алады. Интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану адамдардың шындықты бірлесе іздеу барысында пайда болған пікірталастарының интеллектуалды белсенділігін арттыруға қатты әсер етеді. Кітаптан оқыған немесе бұрыннан белгілі шындықты әңгімелеу, түсіндіру түрінде өткен сабақтарға қарағанда, мұндай сабақтарда оқытушының белсенділігі мен шығармашылығы аса қажет. Оқытушының пікірсайысқа араласуы түрліше болуы мүмкін, бірақ ол өз пікірін күштеп таңуға тиіс емес. Ол пікірсайыс барысында нәтижелі ойлау мен шығармашылық ізденісті қажет ететін келелі мәселелерді туғыза отырып, оқушылардың ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізуін қамтамасыз етуге, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың тең демократиялық жағдайын қалыптастыруға, оқушылардың басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр оқушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік туғызуы қажет.

Интерактивті оқыту оқушылардың еркін тілдік қатынасқа түсуіне, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуіне, қойылған проблемаларды оң шеше алуына, әрбір мәселеге деген өз ой-пікірін дұрыс, анық, дәлелді жеткізуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, әрбір оқушы ортақ мақсатқа негізделген әрекеттерді орындау барысында жүзеге асатын тілдік қатынаста, біріншіден, өз мүддесіне сай тілдесімнің мақсаты мен маңызын анықтауға, екіншіден сөзінің қисыны мен дәлдігін мөлшерлеуге, үшіншіден пікірін дәлелді, дәйекті, түсінікті жеткізуге дағдыланады. Оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарының дамуына, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеуіне, өзін-өзі бағалауына септігін тигізеді, оқушылардың сабақта ізденуіне, дара тұлғалық қасиеттерінің дамуына, шешімді таңдаудағы еркіндігіне жол ашады, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді. Осы мақсаттарға жету үшін сабақтың

ұйымдастырылуы, әдістері, педагогикалық ұстанымдары дұрыс болуы тиіс.

«Дидактика білім мазмұнының ғылыми негізін, оқыту әдістерін ұйымдастыру формаларын, яғни нені оқыту, қалай оқыту жайын зерттейді. Демек дидактика білім мазмұнын анықтау, оқыту процестерінің заңдылықтарын ашу, оқытудың ең тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын табу проблемаларын шешіп отырады. Осы мәселелер жөнінде өзінің принциптерін белгілейді. Дидактикалық принципте, оқу – тәрбие ісінде басшылыққа алынатын педагогикалық қағидада оқытудың мазмұнына, ұйымдастыру формасына қойылатын талаптар белгіленеді» [5].

Оқыту процесін ұйымдастыру барысында оқушы және оқушылар ұжымы бір жағынан оқыту объектісі, екінші жағынан оқыту субъектісі болады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас арқылы ақпарат алмасуы, ынтымақтастық немесе бірлестік іс-әрекеті оқыту процесінің табысты болуына игі ықпал етеді. Оқытудың мазмұны, мақсаты, формалары мен әдістері, нәтижесі сияқты компоненттері бір-бірімен байланысты іске асырылса, педагогикалық процесс оң нәтиже береді. Осындай нәтижеге жету үшін оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы жүйесін, яғни оқыту процесінің ұстанымдарын басшылыққа аламыз.

Тарихи дамудың әр кезеңі жаңа дидактикалық ұстанымдарды ұсынады. Қазақ тілін өзге тілді ұлттарға оқыту әдістемесін әлем әдістемесіне сәйкестендіру әдістемеді бұрыннан белгілі ұстанымдармен бірге басқа да ауқымды ұстанымдардың өмірге келгенін көрсетеді. Оқу ұстанымдары өтілетін тақырыпқа байланысты, тілдің жекелеген тақырыбының ерекшеліктеріне байланысты туындап, қолданылады.

Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Бұл ұстаным оқу бағдарламаларын, оқулықтарды құрастыруда еске алынуы қажет. Үйретілуге тиіс тілдік материалдар қазақ тіл білімінің соңғы жетістіктеріне негізделуге тиіс. Яғни әдістеме тұрғысынан әбден ойластырылған ғылыми жүйеде берілуі керек. Берілген тілдік материалдардағы, мәтіндер

мен жаттығулардағы терминдердің анық болуы және олардың оқушының түсінуіне қиындық туғызбауы қарастырылады. Тілдік мәтіндер ғылымның соңғы жаңалықтарына негізделген, жаңа ақпараттарға толы, дұрыс сарапталуы қажет. Оқушының білімі оқулық көлеміндегі білім деңгейінде қалып қоймауы тиіс. Осы ретте оқытудың ғылымилық ұстанымы зор рөл атқарады.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Тіл үйретуде көрнекілік ұстанымына сүйенбеу мүмкін емес. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген [4]. Солардың бірі – білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып табылатын компьютер. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық оқыту құралдары пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне енгізу бағытында қолданылатын жаңа технологиялардың бірі – интерактивті тақта болып табылады. Интерактивті тақта арқылы интерактивті сабақтардың кез келген түрін өткізудің мүмкіндігі мол. Мұғалім алдын ала тақырыпқа байланысты және қарастырылатын сұрақтар бойынша презентациялық материалдар дайындайды. Слайдтарға талқылауды қажет ететін негізгі сұрақтарды, сабақта белсенділік пен қызығушылықты тудыратын тақырыпты түгелдей ашуға қажет ақпараттық объектілерді кіргізеді. Сонымен қатар тірек сызбалар мен кестелер, картиналар мен суреттерді т.б. көрнекіліктерді орынды пайдалану оқушыларды байқағыштыққа, оймен топшылауға, ойлау шеберлігіне төселуге үйретеді. Сонымен қатар тілдік материалды дәл, анық түсіндіруге, сабақтың сапасын жақсартуға ықпал етеді. Оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктерін қалыптастырып, дамытады. Көрнекі құралдар оқушыларды қызықтыру құралы қызметін атқарады және тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы. Саналылық пен белсенділік дегеніміз білімді саналылықпен белсене қабылдап, оның өмірмен және практикамен байланысын тереңдету, оқылатын фактілер мен құбылыстардың мәніне түсіну. Тіл заңдылықтары мен ережелерін жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеру. Пікірсайыс, сұхбаттасу кезінде меңгерген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, тақырып аясында өз ойын жаттанды түрде емес, өз сөзімен әңгімелеу. Білімді саналы түрде меңгеру оқушының білімнің, оқудың қажеттілігін ұғынудан, нақты тілдік материалды дұрыс түсінуден, жауапкершілікті сезінуден басталады. Игерген тілдік білімін сөйлей білуде орынды пайдаланған оқушының әр сөздің мағынасы мен мәніне терең ойланып көңіл бөлуі, сезінуі арқылы ғана тілді меңгеруі мүмкін болады. Осылайша саналы түрде еңбек еткен оқушыда тілге, білімге деген қызығушылық оянып, белсенділігі артады. Тілдік материалдардың дұрыс таңдалуы, талқыланатын тақырыптардың оқушы жасына лайықты, өзекті, қызықты болуы, мұғалімнің теориялық, психологиялық білімінің терең, әдістемелік, педагогикалық шеберлігінің мықты болуы, сабақты дұрыс ұйымдастыра білуі, оқытудың неғұрлым озық әдіс-тәсілдерін пайдалануы тілді саналы және белсенді меңгертуді қамтамасыз етеді.

Теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы. Бұл ұстанымның қазақ тілін үйретуде алатын орны үлкен. Қазақ тілінен алған теориялық білімді күнделікті өмір қажетіне қолдана білу теорияны тәжірибемен байланыстыру ұстанымы болып табылады. Яғни, бұл ұстаным қазақ тілінен алған теориялық білімін сөйлеуде қолдануға жаттықтырады. Бұл ұстаным бойынша мұғалім теориялық білімді меңгерте отырып, оқушылардың өз ойларын байланыстырып, жүйелі, бірізділікпен жеткізе білуіне, дұрыс сөйлеу икемдіктерін қалыптастыруға көңіл бөлуі тиіс. Сонда ғана тіл саласынан алған теориялық білім сөйлеу жағдайына септігін тигізеді. Осы тұрғыдан келгенде, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру іскери ойындар, рөлдік ойын-

дар, пікірталас, т. б. диалогтық қатынаста оқушының байланыстырып сөйлеуін дамытуға, өз ойын, пікірін еркін жеткізуге дағдыландыратын түпкі, ең басты қағида болады. Интерактивті оқыту тәжірибесінде білім мазмұнының тек оқушының білімін, іскерлік дағдысын қалыптастыру мақсатын ғана көздеп қоймай, сол білімнің оқушының шығармашылық жеке тұлғасын дамытуға, логикалық ойлау қабілетінің ұшталуына, өздігінен білім алуға құштарлығын оятуға ықпал ету жағына ерекше көңіл бөлінеді. Оқушы тілдік жағдаятта қаншалықты деңгейде тілдесім жасай алатындығын аңғарып, өз білімінің деңгейін бағалау және бақылау дағдысын меңгереді.

Түсініктілік ұстанымы оқытуды оқушының дайындық деңгейіне сай ұйымдастыруды талап етеді. Оқу материалына дәл анықталған материалды енгізуді, оқушылар меңгере алатындай ғылыми терминдер мен ұғымдарды пайдалануды көздейді. Бұл ұстаным негізінен, оқулықтағы тілдік, практикалық материалдардың тілінің түсініктілігімен тікелей байланысты. Егер материал оқушының түсінуіне ауыр болса, онда олардың тіл үйренуге деген ынтасы төмендейді. Әрине, бұл оқушыға тым жеңіл материал беру керек дегенді білдірмейді. Бұл ұстанымның өзіндік заңдылығы бар.

- Жеңілден қиынға көшу.
- Қарапайымнан күрделіге өту.
- Белгіліден белгісізге өту.

Яғни, мұғалім оқыту барысында әрбір оқушының таным мүмкіндіктеріне, материалдарды игеру қабілеттеріне, ойлау қабілеттерінің даму деңгейіне назар аударуы керек. Сыныптағы барлық оқушылардың жасы шамалас болғанымен, олардың мінез-құлықтары, жалпы психикалық қабілеттерінің дәрежелері бірдей емес. Мұғалім осыны ескере отырып, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, білімі төмен балаларға жеңіл тапсырмалар беріп, кейінірек оны қиындату арқылы деңгейлеп көтеруі керек.

Оқытудың жүйелілік ұстанымы дегеніміз оқу материалдарының логикалық жағынан бірізбен сатылай құрылу, берілу тәртібі. Қазақ тілін оқытуда әрбір тақырып

әдістемелік жүйемен талданады. Тілдік тақырыптардың өтілу тәртібін сақтай отырып, өтілген материал мен жаңа материал байланыстырылады. Осының нәтижесінде тілдік материалдар бірін-бірі толықтырып, аясын кеңейтіп отырады. Жүйелілік ұстанымы жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, тексеруде, пысықтау мен қайталауда, үй тапсырмасын беруде және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады. Тілді меңгертуде оқытудың жүйелілік ұстанымы міндетті түрде басшылыққа алынады. Сонда оқушылардың сөздік қоры молайып интерактивтік қарым-қатынаста еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымдары. Интерактивті оқыту барысында оқушылардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі мен икемділігі ескеріледі. Оқушылардың жеке тұлға ретіндегі субъектілік ерекшеліктері де (жасы, жынысы, интеллектуалдық дамуы, қабілеттері, жеке адам талабының дәрежесі, өзін-өзі бағалауы, басқа оқушылармен өзара қарым-қатынасы) ескерілуі тиіс. Мұғалім тілдік тапсырмаларды олардың психикалық дара ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейіне байланысты саралап беруі қажет.

Қорыта айтқанда, интерактивті оқыту оқушылардың еркін тілдік қатынасқа тү-

суіне, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуіне, қойылған проблемаларды оң шеше алуына, әрбір мәселеге деген өз ой-пікірін дұрыс, анық, дәлелді жеткізуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, әрбір оқушы ортақ мақсатқа негізделген әрекеттерді орындау барысында жүзеге асатын тілдік қатынаста, біріншіден, өз мүддесіне сай тілдесімнің мақсаты мен маңызын анықтауға, екіншіден сөзінің қисыны мен дәлдігін мөлшерлеуге, үшіншіден пікірін дәлелді, дәйекті, түсінікті жеткізуге дағдыланады. Оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарының дамуына, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, коммуникативтік мәдениетін тәрбиелеуіне, өзін-өзі бағалауына септігін тигізеді, оқушылардың сабақта ізденуіне, жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына, шешімді таңдаудағы еркіндігіне жол ашады, түрлі жағдаяттардан жол тауып шығуға үйретеді. Осы мақсаттарға жету үшін сабақтың ұйымдастырылуы, әдістері, педагогикалық ұстанымдары дұрыс болуы тиіс. Қазақ тілін интерактивті оқыту технологиясының дидактикалық талаптар негізінде ұйымдастырылуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасыны «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. – «Егемен Қазақстан» 2007, 15 тамыз. №254-256.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы).
5. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы «Ана тілі». -1996.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Н.Ә. Тойбазарова

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Ақтөбе облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, п.ғ.к., доцент, Ақтөбе қ.

Аңдатпа. Мақалада шағын жинақты мектептің біріктірілген 2-4 сыныптарында қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесі қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы методики преподавания казахского языка в совмещенных 2-4 классах малокомплектной школы по технологии развивающего обучения.

Abstract. The article under consideration deals with the issues of the methods of teaching the Kazakh language which is combined in 2-4 classes of ungraded schools by the technology of developing education.

Тірек сөздер: шағын жинақты мектеп, біріктірілген сыныптар, қазақ тілі, дамыта оқыту.

Ключевые слова: малокомплектная школа, совмещенные классы, казахский язык, развивающее обучение.

Keywords: ungraded school, combined classes, the Kazakh language, developing education.

Еліміздің іргесі кеңейіп, әлемдік деңгейге көтерілуі, өркениетті қоғам орнатып, құқықты мемлекет болып қалыптасуы үшін жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие мен білім беру қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық құжатында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін сапалы дамытуға және мемлекеттік тілді оқытуға баса назар аударылған [1, 2, 3].

Осы ретте білім беруді одан әрі ізгілендіру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіру міндеттері туындап отыр, ал бұл шағын жинақты мектептердегі оқыту мен оның мазмұнын жетілдіруді және жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе оқытудың нәтижесін алдын ала болжап, жеке тұлғаны қалыптастыруда өздігінен білім алу қабілеттерін дамытуды көздейді.

Шағын жинақты мектептердің ерекшелігі – бала санының аздығына байланысты сыныптардың біріктіріліп оқытылуы. Екі сынып біріктірілгендіктен мұғалімнің ап-

талық жүктемесіне өзгерістер енгізіледі. Сондықтан мұғалім бір уақытта, яғни бір 45 минутта екі сыныпқа қатар сабақ өткізуге мәжбүр. Осыған байланысты мұғалім әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Сондықтан да мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру мұғалімдерге, жас мамандарға қиындық туғызады және кез-келген мұғалімнен шығармашылық ізденісті, кәсіби шеберлікті қажет етеді.

Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақтарды ұйымдастыру бір пәндік, бір тақырыптық ұстанымдарға негізделіп, бір пәннен мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Пәнішілік кіріктіре оқытудың мақсат-міндеттері төмендегідей:

- бірнеше сыныптағы мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіру арқылы жүйелі білім беру;
- сабақты тиімді әдіс-тәсілдер негізінде ұйымдастыру арқылы мұғалім қызметін оңтайландыру және уақытын үнемдеу;
- әртүрлі жастағы оқушылардың

мазмұны ұқсас материалды біріге отырып меңгеруіне жағдай туғызу;

Біріктірілген сыныптарда бір пәндік мазмұн жағынан ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытудың төмендегідей тиімді жақтары:

- оқушылар екі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады және сол арқылы білім мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығы сақталады;

- жас ерекшелігіне және қабілет деңгейіне қарай оқушылардың өзіндік жұмыстар орындауына жағдай жасалады;

- оқушылардың бір-біріне көмектесіп, ұжымдық қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік беріледі;

- оқушылардың бірін-бірі және өзі тексеруіне, бағалауына жағдай жасалады.

Біріктірілген сыныптардағы сабақты ұйымдастыруда дамыта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен тиімді қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болады. Жаңа сабаққа байланысты оқушыларға арналған өздігінен орындайтын жаттығулар мен танымдық тапсырмалар, шығармашылық, рефлексиялық, ойын жаттығулары және тірек-сызбалар мен кестелер оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әрбір сыныптың білім деңгейіне лайықталып, саралап беруге мүмкіндік жасалып, әр сабақтан кейін оқушының меңгерген білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары беріліп, оқушылардың оқу жетістіктерін өздері бағалауына жағдай жасалады.

Дамыта оқыту жүйесі негізінде біріктірілген сыныптардағы сабақты ұйымдастыру құрылымы 3 бөлімнен, 3 кезеңнен тұрады:

I Кіріктірілген бөлім. Бағдарлау-мотивациялық кезең.

Бұл кезеңде мұғалім оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатымен екі сыныптың оқушыларына ортақ тапсырма орындатады, жаңа тақырыптың міндеттерін түсіндіреді. Мұғалім тарапынан оқушылардың білімін теңдестіру мақса-

тында өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыратындай проблемалық жағдаяттар тудырып, өзіндік жұмыстар беріледі. Оқушылар берілген тапсырмаларды орындау арқылы ой түйін жасап, жаңа сабаққа байланысты өзіндік пікірін айтуға және оны дәлелдеуге үйренеді.

II Сараланған бөлім. Операциялық орындаушылық кезең.

Бұл кезеңде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға аса көңіл бөлінген. Өйткені шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру – сабақтың негізгі бөлігі болып табылады. Сондықтан бұл кезеңде тапсырмалар сыныптағы әр оқушыға жеке беріліп, олардың өзіндік жұмыс жасауына негізделеді. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру – жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеуде, білім берудің басымдығын түбегейлі өзгертуде, оқушының жалпы психологиялық дамуының мүмкіндік деңгейіне қол жеткізуде маңызы өте зор.

Оқушылар өзіндік жұмыстар орындау барысында шығармашылық деңгейіне көтеріледі. Әр сынып оқушылары өз оқулықтарындағы және қосымша оқулықтан тыс берілген тапсырмаларды орындайды. Олар сабақтың негізгі мазмұнын және проблемалық жағдаяттарын шешуге жол ашады.

III Кіріктірілген бөлім. Рефлексиялық бағалау кезеңі.

Бұл кезеңде біріктірілген сыныптарға ортақ тапсырмалар беріледі. Ол тақырыпты бекітуге бағытталған рефлексиялық ойын, түрлі жаттығулар, тест тапсырмаларынан тұрады. Әр тапсырманың жауабы тексеріліп, жинаған ұпай санына байланысты оқушы өзін-өзі бағалайды. Сабақта өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу нәтижесінде әр оқушы өз білімін бағалауға үйренеді. Сол арқылы алған білімдерін өмірде қолдануға және өз ой-пікірін дәлелдеуге үйренеді. Бірнеше сыныпты қатар оқыту барысында мұғалімнің уақыты үнемделіп, білім мазмұнын жүйелеу арқылы оқушылардың берілген білімді тиянақты меңгеруіне және оның нәтижелі болуына жағдай туғызылады.

Мысал ретінде шағын жинақты мектептің біріктірілген 2-4 сыныптарында қазақ тілі пәнін дамыта оқытуға арналған бір сабақтың жоспарын үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

Пәні: Қазақ тілі

Сабақтың тақырыбы:

Көп мағыналы сөздер. 2-сынып

Омонимдер. 4-сынып

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға көп мағыналы сөздер (омоним) туралы түсінік беру. Олардың қолданылу ерекшеліктері жайлы ұғым қалыптастыру.

2. Оқушылардың байланыстыра сөйлеу қабілетін дамыта отырып, өз ойын анық жеткізе білуге машықтандыру.

3. Сөздерді түрлі мағынада қолдануға үйрету арқылы сөздердің құдіретін түсінуге тәрбиелеу, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын әдістер: ажырату, талдау-жинақтау, салыстыру, дәлелдеу, ізденушілік.

Көрнекілік: суреттер.

Сабақтың барысы

I КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ

Бағдарлау-мотивациялық кезең

Мұғалім сабақты түсіндіруде

Ә. Мейірбековтің өлеңін оқудан бастайды:

Қандай ғажап нан деген!

Тіршіліктің көзі ме?

Күдіктенер әрнеден,

Нан демесең сөзіме.

Күшігіңнің суретін

Қағазға сыз, - дейді.

Ал күшігім ыстықта,

Сыз жерді іздейді.

- Осы өлеңдегі айтылуы бірдей сөздерді табыңдар?

- Олар қандай мағынада жұмсалып тұр?

Өлеңдегі қарамен жазылған сөздердің әрқайсысы әртүрлі мағынада қолданылып тұрғандығы түсіндіріледі. Оқушылар мысалды негізге ала отырып, ереже қорытады.

ЕРЕЖЕ: Сөздердің дыбысталуы, жазылуы, естілуі бірдей, ал мағыналары басқа сөздер омоним немесе көп мағыналы сөздер деп аталады.

Тақырып туралы түсінік берілгеннен кейін оқушыларға төмендегідей тапсырмалар беріледі.

1-тапсырма. Өлең жолдарындағы суреттің орнына тиісті сөздерді қойып, не байқағандықтарын талдайды.



-ге кір,



жуа-

мыз.



Ағашты -ла,



балға

ұшып келді.

Алдымен оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып шығады. Мысалы: Кір деген сөз екі түрлі мағынада қолданылып тұрғандығы айтылады. Бірінші мағынасы қимылды білдірсе, екінші мағынасы зат есімнің орнында қолданылған.

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, қарамен жазылған сөздер қандай мағына беріп тұрғанын және басқа тағы қандай мағына беретіндігі туралы өз ойларын айтады.

Үлгі: Ерден бас жоқ, көз жоқ айта салды.

Бұл сөйлемдегі қарамен жазылған сөздердің мағынасы ойланбастан деген мағына беріп тұр. Бас сөзі бірнеше мағынада қолданылады: дене мүше; аяғын басу; мақаланың, әңгіменің басы; таудың, шыңның басы; әуеннің даусын басу; кітаптың басы; т.б.

II САРАЛАНҒАН БӨЛІМ

Операциялық – орындаушылық кезең

Әр сынып оқушылары өз оқулықтарындағы жаттығуларды орындайды және оқушылардың жаңа сабақ бойынша білімдерін кеңейту мақсатында өзіндік жұмыстар беріледі.

Өзіндік жұмыстар:

2-сынып	4-сынып
<p>3-тапсырма. Жаңылтпашты оқып, жатқа жазу. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын талдайды.</p> <p>Досым болсаң ер – деген жолдағы «ер» сөзі қандай мағынада айтылған, нені білдіреді?</p> <p>Үлгі: Бұл жолдағы «ер» сөзі ер азамат, қорықпайтын, қиындықта көмектесетін дос деген мағынаны білдіреді.</p> <p>-Ал «Соңынан қалма, ер.» деген жолдағы «ер» сөзі қандай мағынада қолданылған?</p> <p>Бұл жолдағы «ер» сөзі артынан қалмай, ізіне еріп жүру деген мағынада қолданылып тұр.</p>	<p>3-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен көп мағыналы сөздерді тауып, сөйлем құрастырады.</p> <p>Үлгі: Гүлайымның қасы қара, көзі қарақаттай мөлдір. Дәстүр бойынша қара шаңырақ кіші ұлға қалдырылады. Жақыннан қара, ол өте әдемі.</p> <p>4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, асты сызылған сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын түсіндіреді.</p> <p>1. Нұргүл бүгін қызық түс көрді. 2. Оның ұнататын түсі – қызыл.</p> <p>Үлгі: 1. Ұйықтаған кезде көретін түс. 2. Бояудың түсі</p>

Сергіту сәті. Ойын: «Жұмбақ ішіндегі жұмбақ»

Ойынның шарты: Жұмбақты жай сөйлемге айналдырып жазып, жұмбақ ішіндегі көп мағыналы сөзді табыңдар. Көп мағыналы сөз: кір-кір. Бұл сөз екі түрлі мағына береді: кір-кір – лас (сын есім) және үйге кір-кір (етістік).

*Бетің кір-кір деген соң,
Қарап едім ұрлана,
Мен сияқты ішінен,
Шыға келді бір бала. (С. Жиенбаев)*

III КІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМ

Рефлексиялық – бағалау кезең

Бұл кезеңде сабақты бекітуге арналған тест тапсырмалары ұсынылады.

2-сынып оқушылары алғашқы 4 тапсырманы, ал 4-сынып оқушылары барлық тапсырмаларды орындайды.

Тест тапсырмалары:

1. Дұрыс жауапты тауып, сөйлемді толықтырыңдар.

Айтылуы, дыбысталуы бірдей болғанмен, мағынасы әр түрлі болатын сөздерді _____ деп айтамыз.

- а) қарама-қарсы мағыналы сөздер
- ә) көп мағыналы сөздер (омонимдер)
- б) жуық мәндес сөздер
- в) қаратпа сөздер

2. Көп нүктенің орнына бірнеше мағынада қолданылатын сөзді көрсетіңдер.

Айнұр көк түсті ұнатады _____.
Нүрәділ бүгін қызық _____ көрді.

- а) көйлек ә) бояу б) түс в) сөмке

3. Сөйлемнің ішінен бірнеше мағынада қолданылған сөзді көрсетіңдер.

1. Ол ұзақ ойға шомды. 2. Ол ұзақ жүріп, байқамай ойға түсіп кетті.

- а) ол ә) ұзақ б) ойға в) кетті

4. Төмендегі берілген сөздер қатарынан көп мағына беретін сөздер қатарын табыңдар.

- а) Жерге түс, қарындаштың түсі, түс көру.
- б) Түс жору, ұйықтау, ояну
- ә) Қайықтан түсті, далаға шықты, қайыққа отырды
- в) ақ түсті, ақ көйлек, ақшақар.

5. Омоним сөзді табыңдар.

- а) өжет ә) ер б) аяз в) күн

6. Дұрыс жауапты қойып, сөйлемді толықтырыңдар.

Омоним сөздер дегеніміз _____

- а) Мағынасы жуық сөздер.
- ә) Айтылуы әр түрлі сөздер.
- б) Мағыналары бір-біріне қарсы сөздер.
- в) Айтылуы бірдей, мағынасы әр түрлі болатын сөздер.

Тест тапсырмасының жауаптары.

Тест	Сұрақтары	1	2	3	4	5	6
	Жауаптары	Ә	Б	Ә	А	Ә	В

Тест жауаптары тақтадан көрсетіледі. Оқушылар өз жауаптарын өздері тексеріп, өзін-өзі бағалайды. Содан соң әр сыныпқа жеке үйге тапсырма беріліп, түсіндіріледі.

Шағын жинақты мектеп жүйесінде жеке тұлғаны дамыта оқытуға бағытталған технологияларға мән берілуі елімізде болып жатқан өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді. Біздің мақсатымыз – шағын жинақты мектептерде қазақ тілін дамыта оқытудың ғылыми негіздерін, яғни дидактикалық, лингвистикалық, психологиялық, тәрбиелік негіздерін айқындай отырып, қа-

зақ тілін дамыта оқытудың тиімді әдістерін ұсыну.

Қорыта келгенде айтарымыз, білім беру жүйесінде көптеген педагогикалық технологиялар бар. Оны тәжірибеде қолдану көп еңбекті қажет етеді. Өйткені әрбір оқыту технологиясының өз заңдылығы, принциптері, әдістемесі болады. Яғни педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 14.12.2012.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 24.10. 2011 жыл № 487-IV Заңы.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егеменді Қазақстан, 14.12.2010ж.
4. Н.А.Тойбазарова. Морфологияны дамыта оқыту сабақтарының жүйесі. – Ақтөбе, 2006ж. – 58б.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

К. С. Ещанов

*ҚР БҒМ Ұ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
қазақ тілі мен әдебиеті білім зертханасының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.*

У. Б. Ещанова

КЕБМ экономикалық лицейінің қазақ тілі пәні мұғалімі, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқытудың әдістемелік негіздері нақты көрсетілген.

Аннотация. В статье представлены методические основы развивающего обучения языкам в школах с неказахским языком обучения.

Abstract. The article presents the methodological basis of developing language teaching in schools with non-Kazakh language learning.

Тірек сөздер: қазақ тілі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, дамыта оқыту.

Ключевые слова: казахский язык, методика преподавания казахского языка, развивающее обучение.

Keywords: the Kazakh language, the Kazakh language teaching methodology, developing education.

Қазақ тілі – құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілін өз мәртебесіне сай қоғам өмірінің күллі салаларына енгізу, қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің өзекті де келелі мәселесі болып келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру[1].

Мектепте оқытылатын «Қазақ тілі» пәні білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселе-

лерді шеше білетін, өмірге бейім, жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуге негіз қалайды.

Соңғы кездері қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту», «қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту» және «қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту» деген мәселелер көтеріліп жүр. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жетілдіруді де естен шығармағанымыз жөн. Өйткені бұл өте маңызды да күрделі мәселелердің бірі.

Жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесі жайлы сөз болғанда, әуелі басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырған өте орынды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиісті деп табылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі [2].

Дамыта оқыту технологиясының тұжырымдамасына сай, білім беру барысындағы оқушылардың даму мазмұны, мүмкіндіктері және даму қарқындары олардың оқу іс-әрекеттеріне байланысты анықталады. Өйткені дамыта оқыту процесінде оқушы өзін мұғалім дамытуға міндетті және солай болуы тиіс объект ретінде емес, өзін-өзі дамытуға, өзгертуге қатысатын субъект ретінде орын алады. Оқушы өзінің оқу процесіндегі белсенді субъект ретінде қатысуы ғана дамыта оқыту технологиясын басқа технологиядан басты белгі ретінде ажыратып тұрады. Демек, дамыта оқыту баланы тікелей (субъекті, объекті) жан-жақты дамыта отырып (жеке басын, дүниетанымын, ойлауы, темпі) оқытуға негізделеді. Бұл, әрине, оқушының өзін өзгеріп, дамуына өзінің ниет қоюы мектеп жасындағы баланың дамуының негізгі мазмұнын білдіреді. Оқушының даму белсенділігін теориялық білім мазмұны арқылы ұйымдастыру, сол мақсатқа оқушымен бірлесе отырып бет алу - дамыта оқыту технологиясының мазмұнын құрайды. Ал оқушы оқу процесінің мұғалім сияқты екінші субъектісі болу үшін өз бойында қажетті біршама қасиеттерді ашу керек. Атап айтқанда, оқушы өзінің алдына қойылған міндеттерді табу жолын, әдісі, амалын мұғалімнен күтіп отыр-

май, өз бетімен орындауға қабілеті барын көрсетуі, соны дамытуы керек. Ал ондай оқушы қалыптастыру үшін білім беру процесін сол мақсатқа сәйкестендіріп құру керек. Дәстүрлі мектепте оқушының алдына қойылған міндеттерді шешудің дайын бірнеше жолын мұғалім өзі көрсетіп, тек соны жаттап алуға үйретеді. Дамыта оқытуда оқушыға алға қойылған міндеттерді шешудің жалпы принциптері үйретіледі.

Дамыта оқытуда оқушы құбылысты танудың принциптерін меңгереді. Ал ондай дағдыларды игеру үшін оқушы берілген жаттығуды орындаудың, тапсырманы орындаудың шарттарын зерттеп тани алатын дәрежеде болуы керек. Қарастырып отырған құбылыстың, нәрсенің бойындағы белгілерді бар қылып тұрған ішкі қасиеттерді, заңдылықтарды және олардың арасындағы тұтас қылып тұратын байланыстар мен қатынастарды зерттеп тани алатын дәрежеге жеткен оқушы – дамыта оқыту технологиясының күтетін нәтижесі болып табылады.

Дамыта оқыту жүйесінде қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Жауаптардың бірнеше нұсқада болу мүмкіндігі қарастырылады. Дидактикада салыстыру негізгі тәсіл болып табылады. Заттарды салыстыра отырып түсіну – тек адамға ғана тән. Балалар салыстыру тәсілдерімен мектепке келгенге дейін де біршама таныс болады. Ал мектепке келген соң, оқудың алғашқы күнімен бастап, бұл тәсіл пайдаланыла бастайды.

Мұғалім салыстыру әдісімен сабақ жүргізе отырып, оқу материалын оңай, көрнекі етіп меңгертуге мүмкіндік алады. Баланың қиялын дамытады. Салыстыру белгілі мен белгісіз арасындағы көпір сияқты, оқушыларға өмірінен тысқары білімді меңгеруге көмектеседі. Салыстыра отырып, оқушы заттар мен объектілердің байқамай, көрінбей қалатын белгілерін анықтауға үйретеді. Баланың байқампаздығынан артады. Ал байқамсыздық - баланың жалпы дамуындағы негізгі психологиялық компо-

нент болып табылады. Оқушы салыстыра отырып бұрынғы өтіп кеткен материалдар мен жаңа білім арасындағы логикалық байланыстарды анықтауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды тағы бір ерекшелігі сынып оқушыларын «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтуы. Нашар оқитын оқушының да өз шамасы келгенінше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады. Бұл жолда оның қателесуі, жаңылуы әбден мүмкін. Тек мұғалім тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетелейді деп есептеледі.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас.

Сабақта дамыта оқыту технологиясын пайдаланудың тиімді жағы оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни ақыл-ойы мен өзіндік тұжырымы арқылы жаңа тақырыпты саналы түрде меңгеру дағдыларын қалыптастырады. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулап, олардың белсенділігі мен дербестігін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді. Шығарма жазуды меңгеру – оқушылардың білім, білік, дағдыларына негізделеді. Бұл білім, білік, дағдылар негізінде оқушы тақырыпқа байланысты негізгі ойды айқындайды, материалды жинап, жүйелей

отырып, шығарманы арнайы композициялық тұлғада құрастырады. Оқушы шығарма жазу үстінде шығармашылық еңбектің қуанышына кенеліп, өзінің ойын бейнелі, көркем сөзбен жеткізуге талпынады. Сөйте отырып, тілдің көркемдік кестесін молынан меңгерудің қажеттілігін саналы түрде ұғынады.

Дамыта оқытуда оқушылардың пікір жазып үйренуі үлкен рөл атқарады. Оқыған әңгіме, мақала, баяндама, реферат түрлеріне пікір жазуға үйретуде оқытушы түрлі әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдануы қажет. Оқушылардың қабылдауын, ойлануын, қиялдануын, сөйлеуін дамытуға тікелей бағыттауда шығармашылық жұмыстың бұл түрі үлкен ізденісті, еңбектенуді қажет етеді.

Сонымен, дамыта оқыту жүйесінің ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне тоқталып кеттік. Айтылғандарды қорыта келе, дамыта оқыту технологиясының негізінде диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснама жатыр деп айтуға болады. Дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген және дербес жұмыс істеу барысында алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Тәрбиелік қуаты берік білім халықтың болашақ даму бағытын өзі айқындауына жол ашады. Ал бұл мемлекеттік тілдің оқытылу сапасы мен оның ұйымдастырылуының түпкі нәтижеге сәйкестік деңгейіне тікелей қатысты. Бұл тілге ұлттық ділдің бірден-бір тетігі, тірегі, тіні деп қарауды қажет етеді. Оның үстіне тіл – таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген.

2. А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. “Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру”: Алматы-1975, 6-47 бет

ROLE AND PLACE OF A VIRTUAL LABOARTORIYA IN EDUCATIONAL PROCESS

N.N. Ospanova

*Candidate of Pedagogic Sciences, associate professor,
S. Toraighyrov Pavlodar Stste University, Pavlodar c.*

A.S. Akanova

*Master of Informatcs, senior lecturer,
L. Gumilev Eurasian National University, Astana c.*

G.M. Abildinova

*Candidate of Pedagogic Sciences, associate professor,
L. Gumilev Eurasian National University, Astana c.*

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесіндегі виртуалды зертхананың негізгі артықшылықтары анықталып, «Алгоритмдер, мәліметтер құрылымы және бағдарламалау» пәні бойынша берілген виртуалды зертхана сызбасы берілген.

Аннотация. В статье определены основные преимущества виртуальной лаборатории в системе образования, также схема виртуальной лаборатории, представленная по дисциплине «Алгоритмы, структуры данных и программирование».

Abstract. The article identified the main benefits of a virtual laboratory in the education system, as well as a diagram of a virtual lab presented on the discipline "Algorithms, data structures and programming."

Тірек сөздер: ақпараттық технологиялар, виртуалды зертханалар, бағдарламалық қамтамасыз ету.

Ключевые слова: информационные технологии, виртуальные лаборатории, программное обеспечение.

Keywords: information technology, virtual labs, software.

Dynamically developing modern society shows the new demands on the education system. One of the tasks of training is to adapt the students for life in the world of high technology and the permanently increasing amount of information.

Computer technology is effective and can greatly improve the quality of education. However, the fact of using the computer in the learning process is not a guarantee of success, and significant results can be achieved by proper using of it.

Problems of learning with using new information technologies in education have studied foreign and Kazakhstani scientists V.A. Dalinger [1], P.P. Dyachuk [2], M.P. Lapchika [3], V.R. Maeyer [4], L.P. Martirosyana [5], M.N. Maryukova [6], D.Sh. Matrosa [7], E.Y. Bidaybekov [8], T.S. Balykbaev [9], J.K. Nurbekova [10] and others, in which

considering questions on the use of various information technology tools to enhance learning and build skills.

One of the methods of improving the efficiency of the learning process is the usage of additional means of training, the most effective of which in recent years is the virtual laboratory. Virtual laboratories give the opportunity to conduct experiments without direct contact with real installations or equipment. Necessity to create virtual laboratories in education arose from the difficulties of applying in some cases real laboratories.

Analysis that made by us revealed the following advantages of using the virtual laboratory, comparing to other means of education or by the actual hardware [11]:

- Lack of financing does not allow purchasing expensive equipment, using

of computer equipment with virtual base eliminates this drawback;

- The possibility of modeling processes, the flow of which is fundamentally impossible in the laboratory conditions. Illustrative visualization on a computer screen. Modern computer technology will observe the processes which is difficult to distinguish in the real circumstances without using of additional equipment;

- Some works require post-processing large enough arrays received digital data that is running on the computer after doing a series of experiments. The weak point in this sequence using real lab is to enter the received information into the computer. In the virtual laboratory this step is missing because the data can be entered into a spreadsheet of the results directly when doing the experiments by experimenter or automatically.;

- Possibilities of usage of a virtual laboratory in distance learning, when basically there is no possibility to work in university laboratories.

Analysis, the study of the scientific and methodological literature, as well as their own teaching experience has shown that the actual problem in the programming environment is the use of different languages in the same content, their interaction and their performance in practical classes. In this regard, there is a need to create a virtual laboratory for the subject "Algorithms, data structures and programming."


Like all software, information systems and means of automation we have created a virtual laboratory to identify two main components, which are closely linked - client and server.

The functions of the client part include:

- Registration of the user;
- User Authentication
- Building a user workspace
- The creation of tasks and the collection of baseline data on it;
- Issuing of the result table on completed assignments.

The server component is the core of a virtual laboratory. Its main component parts are: interface module, database management system, module of issuing assignments, module of analysis of results. More detailed scheme of the developed virtual database is shown in picture 1. The use of a virtual laboratory has a number of obvious advantages: for working in the lab is necessary minimum software. The program is written in the language of multimedia features Flash, a popular programming language Delphi. Developed a virtual laboratory for the subject "Algorithms, data structures and programming", extends students' learning independence, increase their motivation to the learning through involvement in the creation of their own individual learning paths and work on them, make in a timely multilevel control of knowledge and to get full information about student's work and the level of his mastering learning material, consider the needs of a contingent of students, to offer them not only the questions also nontrivial creative tasks.

Review of previous scientific research shows that such work outs have already been conducted, for example in the field of chemistry (E-Learning courses for new generation as a school course on chemistry), educational experimental activity of technical university students on the base of innovative laboratory course for distance learning, etc., however the proposed our research project is completely different structure and content of the original virtual laboratory for modern components with computer support, innovation which is reflected in the new design solutions and new approaches to the development of methodological support for virtual lab (module of content of the main theoretical theses, creative problem solving module, the control module of student's academic achievement)



Picture 1 - Scheme of virtual database on discipline "Algorithms, data structures, programming"

Literature:

1. Далингер В.А. Избранные вопросы информатизации школьного математического образования: монография. Омск: Изд-во ОмГПУ, 2010. 150 с.
2. Лапчик М.П. Информатика и информационные технологии в системе общего и педагогического образования. Монография. Омск: Изд-во ОмГПУ, 1999. 294 с.
3. Дьячук П.П. Качество подготовки и обучаемость студентов / П.П.Дьячук, И.А. Егоренко // Управление образовательным процессом в вузе: материалы VI региональной научно-методической конференции. Красноярск, 2005. С. 43-45.
4. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов. //Учебно-методическое пособие. Алматы: КазНПУ, – 2006, – 136 с.
5. Нурбекова Ж.К. Теоретико-методические основы обучения программированию: Монография. – Павлодар, 2004. – 225 с.:ил.

ЖАҢА ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРУГЕ ҚАБІЛЕТТІ АЗАМАТТЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІНІҢ БАСЫМДЫЛЫҒЫ

Г.Б. Сағитова

Дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Орал қ.

Аңдатпа. Мақалада білім алушыларды «Мәңгілік Ел» құндылықтарына бағыттауда оқу-тәрбие жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар қарастырылғын.

Аннотация. В статье освещены работы, проводимые с учащимися в учебно-воспитательном процессе, ориентированные на ценности «Мәңгілік Ел».

Abstract. The article highlights the work carried out with the students in the educational process-oriented values «Mangilik El».

Тірек сөздер: ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, деонтология, құндылықтар.

Ключевые слова: национальный патриотизм, казахстанский патриотизм, деонтология, ценности.

Keywords: ethnic patriotis, kazakhstan's patriotism, deontology, values.

Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі.

Қазақ хандығының 550 жылдық тойын атап өтілуі – халқымыздың Егеменді, Тәуелсіз «Мәңгілік ел» болғанымызды дәлелдейді. Ғасырдан-ғасырға ұласып келе

жатқан еліміздің тарихын, тілін, дінін, салт-дәстүрін, ата-бабаларымыз сақтаған жерін, байлығын бүгінгі күні «Мәңгілік Ел» ұрпақтары жалғастырады және болашақта ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырады деп сенеміз.

Қазақстандық патриотизмнің, азаматтықтың, руханилықтың саяси және адамгершілік мәнін түсіну, адамгершілік бағдарлы, әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру процесі жүріп жатыр.

Елбасымыз Мәңгілік Елге бастайтын, абыройлы әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға, яғни Бізге зор сенім артып отыр. Өйткені, Отанымыздың болашағын баянды етіп, аға буын салып кеткен сара жолды жалғастыратын – Біз, жастар! Сондықтан, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолында аянбай еңбек етіп, Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту – тікелей жастардың қолында! Ұлт Көшбасшысының ел ертеңі – жастарға көбірек жүгіне сөйлеуі осының айшықты дәлелі. «Бұл Стратегия Сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Елдің болашағын бірге жасаңыздар!» деген Елбасы Қазақстанның болашағын жастармен байланыстырады. Жас буын өкілдеріне

арналған мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асуда. Соңғы жылдары жоғары білім алуға берілетін гранттар саны ұлғайтылып, мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы аясында жас қазақстандықтар әлемнің таңдаулы оқу орындарында озық білім алуда. Ең басты міндет ретінде белгіленген – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру – Қазақстан жастарының мойнына жүктелер үлкен міндет болмақ. Өз білімімізбен, жаңашылдыққа деген құштарлығымызбен осы мұратқа лайық болуға, соның талабына жауап беруге тиіспіз. Демократиялық қоғамда осындай ұрпақ ауадай қажет. Соның бірі – аталмыш білім ошағында «Мәңгілік ел» құндылықтарын дарыту бағытында оқу-тәрбие жүйесінде көптеген жұмыстар жасалуда, атап айтар болсақ:

- ұлттың жалпықазақстандық ділін, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отыра, зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуеті жаңғыртылуда;

- балалардың этикалық, азаматтық-патриоттық, мәдени-эстетикалық тәрбие деңгейі көтерілуде;

- ата-ананы құрметтеу, ата-аналардың баласының болашағы үшін жауапкершілігі және балалардың ата-ана алдындағы борышы және т.б. дәстүрлі отбасылық құндылықтар арттырылуда;

- оқушының жауапкершілігін және жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауын дамытудың жоғары әлеуеті – еңбек тәрбиесі жүргізілуде;

- денсаулық мәдениеті мен саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша тиімді жұмыстар атқарылуда.

Яғни, Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесінде бала тәрбиелеу – болашаққа үлкен инвестиция деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін атсалысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге

қонымды.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіруде мектеп пен ата-ана ынтымақтасуы қажет. Кейін опық жеп, бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуда бар күш-жігерді жұмсаған жөн. Зерделеп қарар болсақ, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» деген негізгі екі ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіре отырып, сол арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсінік қалыптастыру – отбасында ата-ана мен мектеп мұғалімдерінің басты міндеті. Жас буынды түрлі еңбектерге сүйене отырып тәрбиелеуде осы екі ұғымның маңызын ашып көрсету – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттілігі.

Қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеудегі жұмыс жүйесінің басымдылығы ретінде жұмыстың мына түрін айтып кетуге болады. Мысалы, балалар ертеңгі сабаққа өздеріне бекітілген кабинетте отырып дайындалады, балалар бірінен-бірі білмегенін сұрауға, бірін-бірі үйретуге мүмкіндік алады. Сыныптасынан қалыспауға, өз қабілеттерін көрсетуге ұмтылыс оларды бәсекелестікке тәрбиелейді. Балада деонтологиялық сана қалыптастыру – мектептің негізгі бағыты. Деонтологиялық сана – өзіндік ойлау, кез-келген іске шығармашылықпен қарау, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсіне білу, қарама-қайшылықтарды жоюда болжамдар құра білу, білімге деген белсенді құштарлықпен оны сауатты игеру мүмкіндігімен сипатталатын тұлғаның интеллектуалдық мәдениеті.

Оқушыны білімге ынталандыруда және тәрбие ортасын құруда лицейде сыныптан тыс құрылған топтың мәні ерекше. Оған төмендегідей талаптар қойылады:

- бұл топқа әр пән бойынша 7-11-сыныптың әр түрлі жастағы оқушылары кіреді;
- аталған топта жоғары сыныптың оқушылары өзінен төменгі сыныпта оқи-

тын жеткіншектерге жетістікке жету дағдыларын үйретеді;

- бұл топтың оқушылары өздерін қызықтыратын пән бойынша әңгімелесулер өткізеді, өзара білім бақылауларын ұйымдастырады, мұғалімдермен бірге сұхбат өткізеді;

- белгілі бір мерзімге дейін білім деңгейін меңгеру жөнінде өзара талап қояды;

- сол мерзім ішінде оқушы барлық күш-жігерін өз бетімен қосымша білім алуға, талап қойылған білім мазмұнын меңгеруге жұмсайды;

- осы топ оқушылары өздері таңдаған пән бойынша білімін жетілдіріп қана қоймайды, өзара көмекке дайын, бір-біріне үйретеді;

- олардың өмірге көзқарастары, қызығушылықтары, ой-өрістері ұқсас болғандықтан, олардың өзара тіл табысуы, бір-бірін түсінуі оңайға түседі;

- төменгі сынып оқушылары үлкенді «аға» деп құрмет тұтады және жоғары сынып оқушылары да өз кезегінде ағалық қамқорлықтарын аямайды. Тәрбиенің бұл түрі арқылы олар кішіпейілділікке үйренеді;

- мектепте білімді оқушының беделі жоғары;

- балалардың өзін-өзі дамыту ортасы құрылады;

Лицейдің тәрбие жұмысы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтармен тәр-

биеленген, көшбасшылық қасиеттері бар, әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі анықтауға қабілетті білімді тұлға қалыптастыруды көздейді. Педагогикалық ұжым әр бала тұлғасының мотивациялы-құндылықты аясын дамыту бағытында төмендегі жұмыстарды атқарады:

- тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілін және қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;

- көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өмір

- сүруге қабілетті азаматты және патриотты тәрбиелеу;

- отбасының тәрбиелік әлеуетін күшейту;

- оқушыларда табысты әлеуметтенуі үшін құзыреттіліктерді, толассыз өздігімен білім алу мен өзін-өзі дамытуды, олардың саналы түрде жан-жақты өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі дамытудың жоғары формасы – өзін-өзі тәрбиелеуге қатысуды қалыптастыру.

Қорыта келгенде, облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты «Мәңгілік Ел» Қазақстан-2050 Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуде белсенді қатысатын тұлға қалыптастыруда қызмет атқарауда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012 жыл. – 15 желтоқсан.

2. «Ұлт жоспары – Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» // Астана. – 2015. – 20 мамыр.

ЕЛБАСЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫП-ҮЙРЕНУ АРҚЫЛЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

М.Ж. Дүйсебаева

аға оқытушы, «Өрлеу БАҰО», Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада Елбасы шығармаларын зерделеу арқылы «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудың өзекті мәселелері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы осуществления идеи «Мәңгілік Ел» через изучение произведений Главы государства.

Abstract. In the given article were discussed topical issues of the idea of "Mangilik El" through the works of the President of Kazakhstan.

Тірек сөздер: Елбасы шығармалары, «Мәңгілік Ел» идеясы.

Ключевые слова: произведения Главы государства, идея «Мәңгілік Ел».

Keywords: works of the President, the idea of «Mangilik El».

«Бүгінгі ұрпақтың заңғар мұраты – тарих төрінен тиесілі орын алған, өзгелермен терезесі тең, өркениетті, өміршең ел – Қазақстанның мызғымас тұғырын қалыптастыру. Біз қазір сол игілікті қоғамның лайықты іргетасын қалау үшін еңбек етіп жатырмыз. Соны сендерге аманаттайтын боламыз» деген сөзді Н.Назарбаев 1997 жылы айтқан еді.

Содан бергі 20 жылға жуық уақытта тәуелсіздіктің тұғыры бекіп, егемен елдің еңсесі биіктеді, әлемнің барлығына дерлік атын танытын елге айналды. Мұның бәрі қазақ халқының және қазақстандықтардың басын бірлік пен ынтымақта жарастыра білген Елбасының көреген саясаты арқасында мүмкін болды.

«Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы» деген сөз бүгін басты қағидаға айналды. Осы бір ұлы мақсатты іске асыратын, ең алдымен қазақ азаматы болуы тиіс. Ал идея отбасында, білім мекемелерінде жан-жақты және тоқтаусыз жүйелі түрде жүргізілуі керек» деген тұжырымдамасы Қазақстан Рес-

публикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдаулары мен халықпен болған кездесулердің барлығында көрініс табатын.

2012 жылы 5 маусымда Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен қазақтың ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық кеңейтілген отырыста Елбасының ұсынысымен «Тарих толқынындағы халық» атты арнаулы бағдарламаның мақсаты – қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру екенін айтты. Ол төл тарихымызды зерделеуде басты көңіл бөлетін жайттарға тоқталды.

Бұл үшін ең алдымен орта мектептер мен жоғары оқу орындарында тарихты оқытудың заманауи зерттеу тәсілдері мен оқыту әдістеріне негізделген қазіргі заманғы және ғылыми біртұтас мемлекеттік стандарты жасалуы керек. Жұмыс 5 бөлікте қарастырылуы керек: 1) Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында негізгі салаға айналуы тиіс; 2) Қазақстан тарихының ортақ тұжырымдамасы жасалуы тиіс; 3) Қазақстан туралы еліміздегі және шет елдердегі тарихи материалдар жинақталып, жүйеленуі тиіс; 4) Ортаазиялық но-

мадтық өркениетті зерттеуге айрықша мән берілуі тиіс; 5) Тарихи сапалы оқулықтарды даярлау мәселесі.

«Бұл - тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстардың басы. Қазіргі мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды бүгінгі заман биігінен көрсетуге тиістіміз», - деді Мемлекеттік хатшы. Әрбір адамды өз тарихын жете білуге, құрметтеуге үндеген осы құжат, әсіресе білім саласындағы мамандарға мол жауапкершілік жүктеді. Осы ретте, сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда тәуелсіз елдің тарихын Елбасы шығармаларын оқыту арқылы оқушыларға танытуға әбден болады. Және бұл жұмыспен тек тарихшылар ғана емес, барлық пән мұғалімі айналысуы керек.

Тағы бір айта кететін жайт – балабақшадан бастап, ЖОО студенттеріне дейін Елбасының адами-азаматтық тұлғасын үлгі етіп, оның адамгершілік қасиеттерін білім саласындағы жеке тұлға тәрбиесінде өнеге етуді жолға қою керек. Мәселен, балабақша бүлдіршіндеріне Астана қаласының көше, ғимараттарының тарихынан, атақты адамдардың өмірінен қысқа әңгімелер құрастырып таныстыру керек. Өздері тәрбиеленіп жатқан балабақшаның қашан салынғаны, «Алтын сандық», «Алпамыс», «Алтын дән», «Әлем», «Тайбурыл» деп аталуының сыры неде, сол балабақша орналасқан Республика, Абылай хан, Бөгенбай батыр, Тәуелсіздік т.б. даңғылдары мен Бейбітшілік, Достық, Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин т.б. көшелерінің аталу себептерін қызықты мәліметтермен таныстыру нәтижелі болмақ. Сондай-ақ, мектеп оқушыларының әрбір сабақта барлық пән бойынша, Қазақстан мемлекетінің тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін ақпараттар кеңінен пайдаланылуы керек. Мысалы, Қазақстан тарихы, әдебиет сабақтарында «Ұйғыр халқында «жігіт басын» сайлау дәстүрі бар. Оның тарихы тереңге тартады. Бас болып сайланған жігіт сол бірге тұрып жатқан адамдардың барлық ісі: шаруасы, салт-дәстүрінің сақтауы, той-томалақ өткізіп, өлім-жітімді жөнелтуі

– бәрі-бәрі үшін жауап береді, ұйымдастырады, ал жұрты оған сөзсіз бағынады, айтқанын мүлтіксіз орындайды. Егер жігіт басы жүктелген міндетті орындамаса, халық оны дереу алып тастайды». Бұл ежелгі дәстүрдің қазіргі өзін-өзі басқару мүддесімен ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыр. Қазақ халқында бұл қалай аталады? Деген тапсырмалар оқушыны ізденуге, өзінше ой түюге, салыстыруға үйретсе, Елбасының «...Бесте ме екем, әлде жеті жастамын ба... Менде бір құпия арман болды. Мұнар басқан көгілдір көп таулардың тым болмаса ең берісінің шыңына бір шықсам шіркін деп көксейтінмін.

Бірақ, көз арбаған әлгі шыңға он төрт жасымда табан тірегенім жадымда. Сол жерде тұрып мен бәрін көрдім... жер тәнінде сала-сала болып жатқан алып күре тамырлар сияқты жырлар мен сайлар; біздің ауыл мен көрші ауылдардың түймедей болып ағараңдаған үйлері; бұраң қаққан сан-тарап жолдар; шоқ-шоқ қызғалдаққа бөккен көк майса белдер; күрең даланың бетіндегі жамау сияқты жүгері алқабының төртбұрыш сап-сарғыш танаптары... бәрі-бәрі көз алдымда, етек тұста жайыла көсіліп жатты» - деген естелігін география, табиғаттану, дүниетану пәндерінде пайдаланып, оқушылардың арман-мақсатын анықтау, туған жерді сүю, табиғатын қорғау қасиеттеріне тәрбиелеуде қолдану – әр мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне байланысты.

1997 жылы шыққан Қ.Әлімқұлов пен М.Қасымбековтың «Нұрсұлтан деп ат қойдым...» кітабында:

*Құрметтеп қаласы да, даласы да,
Санайды дүйім жұрттың панасына.*

Алаштың ардақ тұтқан азаматы,

Атыңды еншілепті баласына, - деген өлең шумағы бар.

Сол жылдары 18 ұлттың баласына есімі берілген үш Нұрсұлтан Назарбаев, үш Нұрсұлтан Әбішұлының саны қазір қаншаға жеткенін білу де балаларға қызықты болар еді. Зерттеу-іздену жұмысы осыдан басталады.

Сондай-ақ, «Астананы ауыстыру – сөзсіз тосын да сирек оқиға. Қоныс аудару да

адам өміріндегі айрықша оқиға саналады. Кейбір адамдарда еш уақытта көшуге деген қажеттілік тумайды, енді біреулер жиі көшіп-қонуға құмар. Мемлекеттер де өздерінің бас қалаларын ауыстырып жатады. Және осындай ауыстырудың қажеттілігі ел тұрғындарының қалауына қарағанда, мемлекеттің пайдасынан жиірек туындайды» деген Елбасының сөзін сіз қалай түсіндіресіз? Бірнеше дәлел келтіріңіз деген тапсырма бере отырып, «XX ғасырда тұтас бес қала біздің мемлекетіміздің астанасы болып белгіленді», «1920 жылы ҚАКСРдің астанасы – Орынбор қаласы болды. Республиканың оңтүстігіндегі қазақтар үшін Орынбор алыс болуы – астананы көшіру қажеттілігін туғызды. Үміткерлер ретінде – Ақтөбе, Семей, Ақмола, Шымкент, Әулиеата және Ақмешіт қалалары ұсынылды» деген мәліметті қазіргі Астанаға көшіру кезіндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық фактілермен салыстыр. «1925 жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте V съезд өтті, Ақмешіт Қызылорда болып өзгертіліп, астанаға айналды», «1927 жылы Транссібір теміржол магистралі салынды, ол Алматы арқылы өтетін. Сондықтан, астана Алматыға көшірілді».

«Австралияның астанасы болуға Мельбурн мен Сидней қалалары таласты. 1913 жылы астана болып Канберра таңдалды» деген мәліметті оқушылардың талқысына салып, XX ғасырда тұтас бес қала біздің мемлекетіміздің астанасы болып белгіленуін салыстыру, мысал келтіру арқылы шешім шығаруға, қорытындылауға, өз ойын дәлелдеуге үйретуде – бүгінгі оқушы бойында құзыреттілікті қалыптастырудың бір жолы болмақ.

2009 жылдан бері мектептерде енгізілген «Дінтану негіздері» пәні сабағында Елбасының «Өз ата-анамның нағыз мұсылман болғанын білемін. Олар мені мұсылмандық рухында тәрбиеледі. Және атеистік бағыттағы өткенімізге қарамастан, біз өз дінімізді сақтай білдік. Бізді араб тілінде оқытқан жоқ, мектепте бізге Құранды танытып, намаз оқуды үйреткен емес. Сондықтан мен және менің буыным мұндай тәлім ала алмадық. Бірақ, біз өзімізді мұсылманбыз деп есептейміз. Мұхамед пай-

ғамбарға іштей сенеміз. Біз Қасиетті Құран сөзіне сенеміз» Біріккен Араб Әмірліктері «Галф Ньюс» газеті мен «Арабсат» теледидарына берген сұхбатын пайдалану да өзекті.

Мектептерде көп пайдаланып жүрген оқытудың түрлері, сабақ түрін белгілеу мұғалімнің терең біліміне, іскерлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сабақтың қандай түрі таңдалса да, ең негізгісі оқушыларды дербестікке, белсенділікке, ойшылдыққа, іскерлікке үйрету, алған білімі сеніміне, дүниетанымына айналуын үздіксіз көздеу болса, Н.Назарбаевтың еңбектерінде, жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, елі, халқы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруды басты мұрат ету керектігін талмай айтып келеді. Әсіресе, Елбасының халықтың мақал-мәтелдерін орынымен қодануының өзінен көп нәрсеге үйренуге болады.

*Таққа таласушы көп, жарасушы аз.

*Ханның тағы шайқалса, халықтың бағы шайқалады.

*Әкеге ұл болу-арбаға жегілу, халыққа ұл болу – арманға жегілу.

*Ханда қырық кісінің ақылы бар.

*Бір адам таққа отырса, қырық адам атқа отырады.

*Тозған қазды топтанған қарға алады.

*Заманына қарай амалы.

Елбасы еңбектерінен ынтымақ пен бірлікке, достық пен татулыққа үндеген тәрбиелік тағылым мол мысалдарды өте көп келтіруге болады.

«...Маған халқым осындай өтпелі кезеңде өзінің тізгінін ұстатты. Бұл-оңай шаруа емес. Бүкіл қазақстандықтар болып ұйымшылдық танытуымыз қажет. Және де еліммен пікірлесудің осы мүмкіндігін пайдалана отырып, ертеңгі болашағымыз – жастарға деген ерекше көзқарасымды тағы да қайталамақпын. Келер үшінші мыңжылдықта өмір сүру бақыты жастардың маңдайына жазылған. Жастардың өз болашақтарының, жақсы тұрмыстарының негізін өздері қалауға аянбай жұмылатын уақыты келді. ...Бірлігімізді, Елдігімізді сақтай білейік» (Президенттік телефон

желісі, 1991 ж.) деген сөзін еске алсақ, 20-дан асып, желкілдеп өскен тәуелсіздіктің құрдастарын мысалға көптеп келтіруге болады. Өйткені, олар, өз арамызда, қасымызда өмір сүріп жатыр.

Н.Назарбаевтың еңбектерінің арасында «Еуразия жүрегінде» кітабындағы « Алматы көкжиегі», «Астана ажары», «Атаулар керуені», «Өңірлік өрлеу өзегі», «Тарихтан танабында таңба қалған», «Ел қондырдық Есілге», «Есілдің оң жағасы, сол жағасы», «Мәуелі бәйтерек», «Астананың бас қалқаны», «Ежелгі қоныс, ескі жұрт» осындай көптеген тарауларын тақырып етіп алып, сабақта пайдалану арқылы көкірегінде мәңгілік елдің алауы маздаған, қайсар да табанды ұл, жайсаң да жаны жақсылыққа іңкәр қазақ қызының тәрбиелеудің маңызы зор.

«Н.Назарбаевтың ел ертеңін ойлаудағы ақыл-ой озықтығына, сол арқылы сараланатын айрықша екі қасиеті бар. Оның алғашқысы – сабырлы да саңлақ саясаткерлігі, екіншісі – болашақты болжай білетіндігі, әрі сол байламдары бойынша батыл қадамдарға баруы» деп баға берген Оразалы Айсиннің сөзіне еш талас жоқ (168-бет).

Қорытындылай келе, жүздеген ұлт пен ұлыстың басы қосылған, діні мен ділі, тілі мен мәдениеті әртүрлі өкілді біріктіріп, қазақтың мақсат-мүддесін бір арнаға тоғыстыра білген Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың өмірі мен еңбек жолы, сөз жоқ кез келген азаматқа адамгершілік тұрғыдан, ел басқару өнері – үлгі боларлық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың халыққа Жолдаулары. 1997-2015ж.
2. Назарбаев Н. Ә. «Еуразия жүрегінде». - Алматы: Атамұра, 2005. - 192 б.
3. Әлімқұлов Қ., Қасымбеков М. «Нұрсұлтан деп ат қойдым...». - Алматы: Өнер, 1997. - 272 б.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІҢ РОЛІ

Қ.Қ. Кунапина

т.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде қоғамдық пәндерді оқуда өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы формирования исторического сознания подрастающего поколения при изучении общественных предметов в общеобразовательной школе.

Abstract. In this article are considered the topical issues of formation of historical consciousness of younger generation during studying the public subjects at comprehensive school.

Тірек сөздер: қоғамдық пәндер, тарихи сана, Қазақстан тарихы.

Ключевые слова: общественные предметы, историческое сознание, история Казахстана.

Keywords: social objects, historical consciousness, the history of Kazakhstan.

Адамның жан қуатының жетілуіне,
ақыл көзінің шарасын ұлғайтуға тарихтың маңызы күшті
Ж. Аймауытов

Қандай да бір ел әлемдік деңгейде өскелең ұрпағымен танылатыны қазіргі таңда ақиқат. Жас ұрпақтың терең білімі мен тек тәлімді тәрбиесі тәуелсіз еліміздің мықты іргетасы екені де мәңгі жадымызда. Олай болса егемен еліміздегі жалпы білім беретін орта мектептердегі қоғамдық пәндерді оқыту барысындағы белестеріне көз жіберейік.

Ең алғашқы білім стандарты 1998 жылы дайындалғанын білеміз. Әрине, одан кейінгі жылдары өзгермегелі қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты білім мазмұнын сәйкестендіріп стандартты қайта өңдеп, еліміздегі білім сапасын әлемдік деңгейге неғұрлым жақындату мақсатында біршама толықтырулар енгізілді. Жалпы білім беретін оқу орындарында базистік оқу жоспарында әрбір білім саласы бірнеше пәнді қамтитынын білеміз.

«Қоғамтану» білім саласына «Тарих», «Қоғамтану негіздері», «Құқықтану негіздері» (соңғы 3-4 жылда «Дінтану негіздері» факультативтік міндетті сабақтары) пәндері кіреді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы халыққа білім берудің басқа салалары сияқты жалпы білім беретін мектептерде тарих пәнін оқытуда да үлкен өзгерістер болды. Олардың ең бастыларының бірі 1989/90 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихын жалпы білім беретін мектептерге дербес пән ретінде енгізілуі еді.

1996 жылы 26 қыркүйекте Үкіметтің Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасында көрсетілген міндеттерге сәйкес қазірге дейін қолданылып келген жалпы білім беру мектептердің оқу жоспары ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында бірнеше рет қаралып талқыланып, Білім және ғылым министрлігінің алқасында белгіленген болатын.

1997 жылы бағдарламалар бекітіліп, 1998 жылы конкурс жарияланып, авторлар құрамы бекітілді.

Тек тарих пәні оқулықтарын жазуға мектеп мұғалімдерінен бастап ҚР Ұлттық

ғылым академиясының академиктеріне дейін 28 автор қатысты. Ал әдістемелік авторлардың басым көпшілігі мектеп мұғалімдері – 26. Осы ұйымдастыру шаралары жаңа буын оқулықтарының мүмкіндігінше сапалы дайындалуына әсер етті. Осындай ретпен 2001-2002 оқу жылынан бастап, әр жыл сайын бір-бір сынып жаңа буын оқулықтарына көшіп отыруы, сөйтіп 2005-2006 оқу жылында 9-сыныпта негізгі мектептің жаңа буын оқулықтарына көшуі аяқталды», - деп жазады сол кездегі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қоғамдық пәндер бойына зертхана меңгерушісі академик Т.Т. Тұрлығұл.

Дегенмен де жалпы қоғамдық пәндерді, әсіресе Қазақстан тарихын оқыту барысында біршама кертартпа пікірлер, кедергі қалыптасқаны белгілі.

1. Орта мектепте Ұлттық бірыңғай тест арқылы емтихан алу барысында алғашқы 1-2 жыл Қазақстан тарихы пәні міндетті тапсыратын пән емес, таңдау пәні ретінде ғана кірді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Алматы қаласы мектептерінің тарих пәні мұғалімдері ашық хат жолдап, оны республика мұғалімдері және зиялы қауым өкілдері қолдап, кейін Қазақстан тарихы міндетті ҰБТ тапсыратын пән болып енгізілді.

2. 2003 жылы «Қазақстан тарихы» журналының басшылығымен «Мектептегі қоғамдық пәндерді оқытудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек стол ұйымдастырып, бұл басқосуға ЖОО-ның, мектептің ұстаздары және Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы зертхана қызметкерлері қатысып, ҚР Білім және ғылым министрлігіне ашық хат жазған болатын. Ол ашық хат Қазақстан тарихы журналының № 6, 2003 жылғы санында басылды.

Бұл хатта негізінен Қазақстанның барлық оқу орындарында қоғамдық пәндерді заман талабына сай оқытылуы туралы айтылды. Бұл хатта айтылған негізгі пікірлер жоғарғы жақтан қолдау тапты.

3. 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігіне «Қазақстан тарихы қағажу көр-

месін» атты ашық хат жолданды. Бұл хатта ЖОО-да Қазақстан тарихы пәні емтиханнан алынып тасталғанына өз пікірін білдіріп, Отан тарихы бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға патриоттық тәрбие берудің негізгі құралы екені баса айтылды. Хатқа барлығы академик М. Асылбеков бастаған 12 адам қол қойып, бұл хат «Қазақ тарихы» журналының № 6 санында жарияланды. Бұл хат та жауапсыз қалмады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылы 22 қазанда № 499 бұйрығы бойынша «Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығы шығып, осы бұйрықта «Қазақстан тарихы» пәнінің айырықша мәртебесін қамтамасыз ету, сондай-ақ патриотизмді тәрбиелеу, күшейту және дамыту мақсатында біршама шаралар белгіленген. Ал аталған бұйрықтың 4-тармағында «жоғарғы оқу орындарының басшыларынан 2006 жылы түскен және мемлекеттік емтихан тапсырмаған студенттерден Қазақстан тарихы пәні бойынша мемлекеттік емтихан алу» талап етілген.

Бұл егемендіктің арқасында көзқарастың өзгергенін, яғни қоғамдық сананың өскенін, еліміздің төл тарихқа деген жанашырлығы деп білеміз. Яғни дүниетанымдық көзқарастағы өзгерістер тарихи түсініктерге жаңа бағыттар алып келді. Осы фактілердің өзінен қоғамдық пәндерге деген сұраныстың әрине, егемендіктің арқасында қандай дәрежеде екенін көріп отырмыз. Бәріне де уақыт сыншы, тарих – оқиғалардың ұзын тізбегі десек, мына бір оқиғаға тоқталғым келеді.

1970-жылдары Орталық комитеттің мүшелері мен жазушылар арасындағы кездесулерде тарихи шығармалар туралы сөз болғанда қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы С. Мұқанов, І. Есенберленнің «Хан Кене» кітабы туралы былай деп өз пікірін білдірген: «Кітап біршама жаман жазылмаған. Кенесары бүкіл одақтық масштабта әшкереленген адам. Ол туралы қаулы осы уақытқа дейін күшін әлі жойған жоқ. Осыдан кейін мұндай кітаптың қалай жарық көргеніне қайран қаламын. Ендеше, Қазақстан партиясының Орталық комитеті бұл кітаптың шығуына неге рұқсат берді?

Кенесарының іс-әрекетіне көзқарас, қатынас біреу-ақ болу керек. Оның ісі, әрекеті Россияға жат, қарсы жүргізілді... жұрт жабылып осы кітапты оқып жатыр. Біраз адамдар, студенттер ұлтшылдық ұрандар көтеріп жүр. Біз хандарды мақтауға неге жол беріп отырмыз. Әрине, ескіні жазуға мен қарсы емеспін, бірақ хандық құрылысты мадақтаудың қаншалықты қажеті бар еді? Халықтардың арасын ашып, араздастырған тарих әшкерелеген осы бір өлікті қайта тірілтудің қаншама қажеті бар? Бұл кітап жастарға керісінше әсер етіп, ұлтшылдық сезімін өршіте түседі. Жазушының жалпы тарихқа көзқарасы дұрыс емес. Ал бұл жақсылыққа әкелмейді, зиянын тигізеді. Сіз инженерсіз. Тарихтан көрі өзіңіз жақсы білетін өндірісті жазбайсыз ба, ханның сізге керегі не?»

Бұл оқиғалар тізбегін оқушы қауым өзі топшылар. Тарихи уақыт мәселенің дұрыс-бұрысын көрсететіні тағы да ақиқат.

Ал, тарих пәні білім көзі ғана емес, тәрбиелік пән екенін ескерсек, оқушыларға тарихи сана қалыптастырудағы орны ерекше екені түсінікті. Тек қана биылғы атаулы мерейлі жыл Қазақ хандығының 550 жылдығы туралы тақырыпты айтсақ:

Орта мектепте қазақ хандығының өзекті мәселелерін оқыту барысында дала академиктеріміздің, яғни ел басқарған ұлы тұлғалардың еңбектеріне баға бере отырып, олардың қазақ халқын айқын өзгерістердің қатерлі дауылынан аман қалып қалудағы роліне тоқталып, өнегелі жақтарына оқушылар назарын аударып, тәрбиелік жағына мән беру ең басты назарда болуы қажет. Небір қилы замандарды бастан кешкен қазақ халқы ұлттың ұлттығын сақтау қалудың өзі өзекті мәселеге айналған кезде еліне демей, жұртына қорғаныш болған тұлғалар әрқашан халқымен бірге өмір сүретіні ақиқат қой. Бірақ егемендігімізге 20 жылдан асса да, әлі де төл тарихымыздың ашылмаған, айтылмаған сырлары көп екені рас. Әрине, әлі де айтылмаған, тоңы жібімеген кеңестік кезеңдегі көзқарастар сарқыншағы әсіресе ел билеген хандар туралы бұрыс пікірлер дұрыс пікірге қарағанда басымдау. «Хан емессің қасқыр-

сың» - деп Жәңгірді, Ресейге бодандыққа берілді деп Әбілқайырды, «өз халқына тырнағы батқан» Хан Кене – деген пікірлер орнына, хан Жәңгірдің оқу білімге көңіл аударып, жол ашқан, елін отырықшылыққа үгіттеп, өзі де үлгі көрсете білген, Әбілқайырдың Ресейге қосылу туралы мақсатының шынайы нәтижесін, Кенесарының «жүз күн құл болғанша, бір күн азаттығым» - деген ой-пікірін оқушыға жете түсіндіріп, тәрбиелік жағынан аса мән бөлу, бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп білеміз.

Әрине, әлі де болса айтар мәселелер баршылық, соның бірі оқулықтың және оқу әдістемелік құралдардың тапсырмалары тарихи оқиғаларды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу, тарихи құбылыстар, тарихи фактілер, жеке қайраткерлерге баға беру, өз көзқарастарын білдіру, яғни оқушы бойына тарихи сананы қалыптастыру мәселесіне баса көңіл аудару қажет. Олай болса қосымша көрнекіліктер, арнайы балаларға арналған тарихи кинолар, слайдтар, балаға ұғынықты тілде тарихи хрестоматия жазуды қолға алатын уақыт та жетті. Мысалы орта буын оқулықтарында «Суворовтың Алпіні басып өтуі» деген сурет бар, 70-тен асқан ақсақалдың ерлігіне бас иіп, суретті көрген балалар мен де осындай болсам деген сана сезімі оянатыны хақ. Өйткені оқулықтан күнде көреді ғой. Ресей тарихындағы Куликово шайқасы, Мұз қырғыны, т.б. оқулықта суретін ғана емес, сипаттап жазылғанын оқығанда оқушы соның ішінде жүргендей сезініп, рухтанып отырады-ау.

